



KASE ТОБЫНЫҢ 2024 ЖЫЛЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Мазмұны

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	3
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	5
2024 ЖЫЛЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҮЙІНДІ ОҚИҒАЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР	7
ЕСЕП ТУРАЛЫ	8
KASE ТОБЫНЫҢ БЕЙІНІ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯСЫ	11
KASE ТОБЫНЫҢ БҰҰ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	15
ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨЗҚАРАС	18
ОРНЫҚТЫ ДАМУ ПРАКТИКАСЫН ІЛГЕРІЛЕТУ	24
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	32
КЛИМАТТЫҚ КҮН ТӘРТІБІНЕ ҮЛЕС ҚОСУ	63
ПЕРСОНАЛҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ АДАМ КАПИТАЛЫ	66
1-қосымша: GRI мазмұнының көрсеткіші	73
2-қосымша: Байланыс ақпараты	77

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер, серіктестер және нарыққа қатысушылар!

2024 жыл геосаяси факторлардың, технологиялық серпілістер мен экологиялық сын-қатерлердің әсерімен орнықты дамудың күн тәртібін қалыптастырудағы маңызды кезең болды.

ESG-есептілік стандарттарын дамыту, климаттық тәуекелді ашып көрсетуге қойылатын талаптарды қатаңдату және тұрақты инвестициялау саласындағы реттеуді күшейту сияқты маңызды бастамалар бүкіл әлем бойынша биржалық институттардың бизнес-процестеріне әсер етеді. Қазақстан Республикасы жаһандық экономиканың бір бөлігі бола отырып, осы процестерден тыс қалмайды. Қазақстан орнықты дамуға кешенді тәсіл әзірлеу үшін институционалдық негіздерді дамытуды жалғастырады. Бұл ретте қаржы секторын трансформациялауда халықаралық ESG-стандарттарды енгізу, тұрақты қаржы құралдары нарығын дамыту және жауапты инвестициялау қағидаттарын интеграциялау жөніндегі күш-жігер маңызды рөл атқарады.

Ұзақ жылдардан бері KASE Қазақстанның капитал нарығындағы ESG-бастамалар саласында көшбасшы болып келеді, ол орнықты даму мен экологиялық жауапкершілік қағидаттарына адалдықты білдіреді. Дәл осы Биржа алаңында елдегі алғашқы жасыл облигациялар іске қосылды, листингілік компаниялар үшін қаржылық емес есептілікті ашып көрсету бойынша талаптар енгізілді, нарыққа қатысушылар үшін білім беру іс-шаралары мен тренингтер өткізіледі, сондай-ақ қаржы саласының қатысушылары үшін бірінші халықаралық ESG конференциясы ұйымдастырылды. Сын-қатер ұлғайып жатқан жағдайда, KASE капитал нарығының ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қолдай отырып, өзінің стратегиясы мен операциялық қызметіне орнықты даму қағидаттарын ықпалдастыруды жалғастырады.

Біздің алдымызда уақыт талабына тиімді жауап бере алатын және Қазақстанды тұрақты болашақ жолында қолдай алатын тұрақты қаржы нарығын қалыптастыру міндеті тұр. KASE ашық, жауапты және бәсекеге қабілетті капитал нарығын дамытуға жәрдемдесу міндетін ұстанады.

Біз әріптестерімізге, эмитенттерімізге, инвесторларымызға және нарықтың барлық қатысушысына неғұрлым тұрақты қаржылық болашақ құру жөнінен көрсеткен қолдауы мен бірлескен күш-жігері үшін алғыс айтамыз. Біз Қазақстанның экономикалық тұрғыдан тұрақты дамып, өркендеуіне ықпал ететін жаңа бастамаларды табысты іске асыра аламыз.

Әлия Молдабекова

Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер, серіктестер және нарық қатысушылары!

Орнықты даму мен жауапты қаржыландыру қашанда Қазақстан қор биржасының басымдықтарының қатарында болған. ESG-күн тәртібі жалпыұлттық бағдарға айналғанға дейін KASE Қазақстанның қаржы нарығында ашықтық, тұрақтылық және ұзақмерзімді құндылық қағидаттарын енгізу үшін дәйекті негізін қалыптастырды.

Осыған байланысты Алина Алдамбергенге KASE-дегі орнықты даму күн тәртібін дамытуға және жалпы Қазақстанның қаржы нарығындағы орнықты тәжірибені нығайтуға қосқан зор үлесі үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. 2015 жылдан бастап KASE тобы нормативтік базаны қалыптастыруға, нарыққа қатысушылардың хабардар болуын арттыруға және тұрақты жобаларды қаржыландыру үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға жәрдемдесе отырып, ESG-бағытты жүйелі түрде дамытып жатыр. Осы уақыт ішінде Биржа Қазақстанның орнықты дамудың халықаралық аренасындағы ұстанымын нығайта отырып, қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету және тұрақты қаржыландыру стандарттарын ілгерілетудің негізгі платформасы ретінде тұрақты болды.

ESG-тәсілдерді ықпалдастыру KASE-нің стратегиялық басқаруы мен нарықпен өзара іс-қимылының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл тәсіл Биржаға халықаралық стандарттарға сай болуға ғана емес, елдегі корпоративтік жауапкершілікті дамытуға да нақты ықпал етуге мүмкіндік берді.

2024 жыл Қазақстанның ESG-нарығын дамыту үшін маңызды жыл болды, 2024 жылы KASE-де барлығы 549 млрд теңге сомасына ESG-облигациялардың рекордтық 10 шығарылымы тіркелді, оның ішінде 436 млрд теңге орналастырылды.

Ал жалпы алғанда, 2020 жылдан бері бес жыл ішінде Биржада жалпы көлемі 760,4 млрд теңгені құрайтын 28 ESG-облигация шығарылымы тіркелді (олардың 5-і өтелді). Эмитент компаниялар – квазимемлекеттік сектордың ірі өкілдерінен бастап шағын және орта бизнеске, банктер мен микроқаржы ұйымдарына дейін – экологиялық және әлеуметтік бастамаларды іске асыру үшін 606 млрд теңгеден астам қаражат тартты. Бұл инфрақұрылымның жетілгендігін және тұрақты қаржыландыру құралдарына деген сенімнің артқанын көрсетеді.

2024 жылы Биржаның Директорлар кеңесі 2025–2027 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын бекітті. Ол Топтың миссиясын – елдің қаржы жүйесінің ашықтығының, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде биржалық инфрақұрылымды дамытуды бекітеді.

ESG саласындағы стратегиялық басымдықтарды іске асыру шеңберінде 2024 жылы KASE тобы стейкхолдерлердің қазіргі заманғы сын-қатері мен болжалын көрсететін жаңартылған Орнықты даму саясатын бекітті. Сонымен қатар негізгі бизнес-процестерге тұрақтылық қағидаттарын интеграциялау жөнінен Жол картасы әзірленді және Орнықты даму жөніндегі жұмыс тобы құрылды, оның міндеті KASE тобы ішінде ESG-бастамаларды үйлестіру және ілгерілету болды.

KASE-нің 2024 жылғы қарашада Net Zero Financial Services Providers Alliance-қа кіруі маңызды оқиға болды. Бұл қадам біздің жаһандық көміртекті-бейтарап экономикаға көшуге және тұрақты қаржы инфрақұрылымын нығайтуға ұмтылысымызды көрсетеді. Альянс аясындағы біздің жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі көміртегі шығарындысы туралы деректі айқын ашып көрсетудің құралдары мен стандарттарын дамыту, ESG-қаржыландыруды ілгерілету және өзіндік көміртегі ізін қысқарту болады.

KASE тобы қаржы нарығына қатысушылардың және компаниялардың неғұрлым кең тобының ESG-стандарттар мен жауапты қаржыландыру қағидаттары туралы хабардарлығын арттыру жөніндегі жұмысын жалғастырмақ. 2024 жылғы наурызда KASE алаңында жетінші рет гендерлік теңдікке арналған – Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Ал қараша айында Биржа алғаш рет климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық күресті қолдауға арналған Ring the Bell for Climate рәсімін өткізді, оның аясында тиімді климаттық трансформациядағы көміртегі нарықтарының рөлі талқыланды.

Біз ESG қағидаттарын ілгерілету – бұл біздің жауапкершілігіміз ғана емес, сонымен қатар бүкіл экономиканың тұрақты өсуі үшін мүмкіндік екеніне сенімдіміз. Компаниялардың ESG-түрленуіне қолдау көрсету – KASE миссиясының маңызды бөлігі және біздің орнықты даму күн тәртібіне қосқан үлесіміз осы есепте көрініс тапқан.

2024 жылдың қорытындысы қуантады. Мен барлық стейкхолдерге қатысқандары, ынтымақтастығы және сенімі үшін шынайы алғысымды айтамын. Сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз қазақстандық қор нарығының тұрақты болашағына мүмкіндік береді!

Мұхамеджанов Әділ

Биржа Басқармасының төрағасы

2024 ЖЫЛЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҮЙІНДІ ОҚИҒАЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

1. ESG-облигациялардың 10 жаңа шығарылымы;
2. 548 млрд теңге – ESG-облигациялардың жарияланған көлемі;
3. 436 млрд теңге – орналастырылған ESG-облигациялар көлемі;
4. Биржа ESG-облигациялар индекстерін есептеуді және жариялауды бастады;
5. ESG-бастамаларды одан әрі дамытуды қамтитын KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді;
6. KASE тобының орнықты даму саясатын өзекті етілді;
7. Орта буынның басқару позицияларын атқаратын әйелдердің үлесі – 56%, Басқарма құрамына кіретін әйелдердің үлесі – 40%, Директорлар кеңесі – 33%;
8. Биржа көміртегі бейтараптығы мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылатын ұйымдардың ірі қаржы альянсы – GFANZ альянсына қосылды;
9. Нарыққа қатысушылар үшін 20-дан астам оқыту іс-шарасы өткізілді;
10. Гендерлік теңдікті қолдауға арналған сауда-саттықтың – Ring the Bell for Gender Equality салтанатты ашылу рәсімі өтті;
11. Климаттың өзгеруіне қарсы күресті қолдауға арналған Ring the Bell for Climate сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімі өтті;
12. Жылдық есептердің жыл сайынғы конкурсы өткізілді;
13. Бөлшек инвесторлардың жыл сайынғы конкурсы өткізілді;
14. "Биржалық симулятор" конкурсы өткізілді;
15. Биржа қаржы секторының компанияларына арналған футболдан "KASE кубогы" турнирін ұйымдастырды;
16. KASE тобының қызметкерлері Алматы қаласының Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының пациенттері үшін Балаларды қорғау күніне орай дәстүрлі мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды.

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Есептілікті дайындау тәсілі және оның шекаралары

Осы есеп – Орнықты даму туралы кезекті есеп (бұдан әрі – Есеп). Есеп KASE тобының жылдық есебінің бөлігі және 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған күнтізбелік жылдағы KASE тобының орнықты даму практикалары туралы ақпаратты қамтиды.

2024 жыл үшін жылдық есеп KASE тобының стратегиялық мақсаттары және оларды іске асыру нәтижелері, корпоративтік басқару жүйесі, KASE нарығының нәтижелері, сондай-ақ KASE тобының 2024 жылғы қаржылық көрсеткіштері туралы ақпаратты қамтиды.

Осы Есеп KASE тобының орнықты даму саласындағы қызметі мен негізгі нәтижелері туралы ақпаратты, орнықты даму факторларын басқару тәсілдерінің сипаттамасын, сондай-ақ орнықты даму саласындағы жекелеген сандық деректерді қамтиды. Есеп KASE тобының бизнесті жауапты жүргізу тәжірибесінде қолданатын тәсілін көрсетеді. Есептің мазмұны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басшылығының банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі ұсынымдарын ескереді. Есепті дайындаған кезде Global Reporting Initiative Standards ұсынымдары (бұдан әрі – GRI стандарттары) да ескерілді. KASE тобы GRI стандарттарына сілтеме жасай отырып, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы кезең үшін GRI мазмұнының көрсеткішінде көрсетілген ақпаратты ұсынды.

Сондай-ақ Есепте KASE тобының миссиясы мен стратегиясы, жауапты инвестициялауды дамыту, лайықты еңбек жағдайлары, қаржылық инфрақұрылымның тұрақтылығы, корпоративтік басқару мәселелерін қоса алғанда, неғұрлым маңызды тақырыптар бойынша басқаруға көзқарас пен есепті жылдың негізгі оқиғалары туралы ақпарат, сондай-ақ климаттың өзгеруіне, ресурстарды ұтымды пайдалануға және басқа да экологиялық және әлеуметтік аспектілерге қатысты Биржа ұстанымдарының сипаттамасы ұсынылған.

Есептің шекаралары KASE тобының мынадай ұйымдарын қамтиды: "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Қазақстан қор биржасы, Биржа, KASE) және "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы, KACC).

KASE тобының орнықты дамуы туралы есеп мүдделі тараптардың назарына Биржаның корпоративтік интернет-ресурсында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жариялау арқылы жеткізіледі. KASE тобының орнықты дамуы туралы

есептеріне электрондық форматта мына сілтеме бойынша қол жеткізуге болады:
<https://kase.kz/ru/about/governance>.

Орнықты дамудың маңызды тақырыптарын анықтау тәсілі

2024 жыл ішінде орнықты дамудың маңызды тақырыптарын анықтау процедурасы жүргізілді. Бұл талдау KASE тобы қызметінің мүдделі тараптарға әсері тұрғысынан неғұрлым маңызды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сыртқы ортаны талдау және KASE тобы қызметінің контекстін анықтау

Бірінші кезекте, KASE тобына кіретін ұйымдар жұмыс істейтін сыртқы контекске талдау жүргізілді. GRI стандарттарына, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – ҚНРДА) банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі нұсқауына сәйкес ашу үшін ұсынылатын орнықты дамудың маңызды тақырыптарының стандартты тізбесі зерделенді, сондай-ақ салалық трендтер мен үздік биржалық практикаларға талдау жүргізілді.

Қолданыстағы және әлеуетті әсерлерді сәйкестендіру

Жүргізілген талдау негізінде орнықты дамуға қатысты негізгі тақырыптардың тізімі қалыптастырылды. Тізім KASE тобы үшін өзекті болуы мүмкін жаһандық трендтерді де, жергілікті ерекшеліктерді де қамтыды. Қалыптастырылған тізбе негізгі мүдделі тараптарға жіберілді. Таратудың мақсаты ұсынылған тақырыптар бойынша олардың пікірі мен түсініктемесін алу болды. Жауап алу сауалнаманы пайдалану арқылы жүргізілді.

Көрсетілетін әсердің маңыздылығын бағалау

Стейкхолдерлерге жүргізілген сауалнама нәтижесінде 61 кері байланыс сауалнамасы алынды. Алынған түсініктеме мен ұсыныстар талданып, тақырыптар тізімін пысықтаған кезде ескерілді. Басымдық стейкхолдерлер үшін әрбір тақырыптың маңыздылығын, Биржаның стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін және орнықты дамуға ықпалын ескере отырып жүргізілді. Кері байланысты талдау қорытындысы бойынша Биржа орнықты даму тәуекелдерін басқару және тұрақты қаржы құралдарын ілгерілету мәселелерін қоса отырып, маңызды тақырыптар тізбесін кеңейтті.

Есептілікте ашып көрсету үшін неғұрлым маңызды әсерлерге басымдық беру

Атқарылған жұмыс нәтижесінде 16 тармақтан тұратын орнықты даму туралы жылдық есепте ашып көрсету үшін маңызды тақырыптар тізбесі қалыптастырылды.

Аталған тізбе KASE тобына кіретін ұйымдардың Басқармаларында қаралып, бекітілді.

KASE тобының орнықты дамуының маңызды тақырыптарының тізбесі

1. Заңнаманы сақтау;
2. Қаржылық сауаттылық;
3. Оқыту және дамыту;
4. Жұмыспен қамту;
5. Технологиялық даму;
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
7. Орнықты даму саласындағы серіктестік;
8. Кәсіби денсаулық және қауіпсіздік;
9. Шағын және орта бизнесті қолдау;
10. Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы;
11. Мемлекеттік саясат;
12. Қайырымдылық және демеушілік;
13. Қалдық;
14. Парниктік газдар шығарындысы;
15. Орнықты даму тәуекелдерін басқару;
16. Тұрақты қаржы құралдарын ілгерілету.

KASE ТОБЫНЫҢ БЕЙІНІ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯСЫ

KASE тобы өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады және ұлттық қаржы нарығын дамытуда негізгі рөл атқарады. Топтың құрамына:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ – қор, ақша, валюта және мерзімді нарықтарды біріктіретін елдің ірі биржалық алаңы. Биржа сонымен қатар қаржы индикаторларының операторы және биржалық ақпарат провайдері болып табылады;
- "KASE клиринг орталығы" АҚ – Биржаның орталық контрагенттің функцияларын орындайтын, қор, ақша, валюта және мерзімді нарықтарда мәмілелер бойынша клиринг пен есеп айырысуды қамтамасыз ететін еншілес ұйымы.

KASE тобының миссиясы адамдарды, идеялар мен инновацияларды біріктіретін платформаны қамтамасыз етуге және орнықты даму мен капиталды басқару үшін мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

KASE капиталды тиімді басқаруды, инвестициялық қызметті қолдауды және бағалы қағаздар нарығын дамытуды қамтамасыз ететін құралдар мен қызметтердің кең спектрін ұсынады. KASE сауда-саттық платформасының әмбебаптығы қатысушыларға әртүрлі қаржы құралдарын пайдалана отырып, нарықтың бірнеше сегменттерінде операциялар жүргізуге мүмкіндік береді, бұл өтімділікті арттырады және сауда-саттық шарттарын барынша тартымды етеді.

KACC нарыққа қатысушылар мен инвесторлар тарапынан сенімнің дамуына ықпал ете отырып, биржалық есеп айырысулардың тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Клирингілік қызметтерді дамыту және есеп айырысуларда орталық контрагенттің рөлін арттыру ұлттық қор нарығын нығайтуға және шетелдік инвесторларды тартуға ықпал етеді.

KASE World Federation of Exchanges, Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (FEAS), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының халықаралық қауымдастығы (ТМД БХҚ) сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтарда тобы толыққанды мүше болып табылады және қазақстандық қор нарығын білдіреді.

KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған даму стратегиясының мақсаты биржалық және клирингілік қызметтер спектрін кеңейту, Топ командасының жоғары клиенттік бағдары мен кәсібилігі есебінен Орталық Азияның биржалық нарықтарында Топтың көшбасшылық позицияларын қамтамасыз ету болып табылады. Стратегияның негізгі бағыттары негізгі бизнестің өсуі, жаңа өнімдер

мен қызметтер ұсыну, IT инфрақұрылымын жетілдіру болып табылады. Стратегия шеңберінде KASE тобы сауда-саттық көлемін ұлғайту, эмитенттер мен инвесторлар пулын кеңейту, сондай-ақ нарықтардың өтімділігін арттыру бойынша міндеттер қояды. Инновациялық шешімдерді енгізу, цифрлық қаржы құралдарын дамыту, технологиялық тұғырнаманы дамыту және сауда-саттық және клирингтік жүйелердің қауіпсіздігі мен тиімділігін одан әрі арттыру – KASE тобына кіретін ұйымдардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін басым міндеттер.

Іске асырылған KASE-нің 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясы шеңберінде Биржа ашықтық пен орнықты дамуға баса назар аудара отырып, ESG-бағытты белсенді дамытты. Эмитенттердің қаржылық емес ақпаратты ашуы бойынша бастамалар іске қосылды, сондай-ақ тұрақты қаржыландыруды қолдау үшін құралдар жасалды. Бұл қазақстандық капитал нарығында жауапты инвестициялау экожүйесін дамытуға негіз болды. Алынған нәтижелер KASE тобының жаңа стратегиясы шеңберінде ESG-күн тәртібін одан әрі дамыту үшін берік негіз болады.

KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған жаңа Стратегиясында ESG-күн тәртібін дамыту сыртқы нарықты да, Биржаның ішкі процестерін де қамтитын жаңа кезеңге шығады. ESG-облигацияларын шығару үшін жағдайларды одан әрі жақсартуға: ішкі процедураларды жетілдіруге және осы сегменттің өсуін ынталандыру үшін жаңа эмитенттерді тартуға ерекше назар аударылатын болады. Листингтік компаниялар арасында қаржылық емес есептілікті және орнықты даму туралы есептілікті ашудың үздік практикаларын ілгерілету жөніндегі жұмыс жалғасады, бұл қаржы нарығының ашықтығын арттыруға және инвесторлардың сенімін арттыруға ықпал ететін болады.

Нарыққа қатысушылардың тартылуын қолдау үшін жаһандық ESG-трендтерді, жауапты инвестициялау стандарттарын және ESG-ашып көрсетуге қойылатын талаптарды талқылауға бағытталған халықаралық сарапшылардың қатысуымен білім беру іс-шараларын ұйымдастыру жоспарланған. KASE тобы компанияларының ішінде тұрақты тәжірибелерді енгізу бойынша маңызды қадамдар: қағазсыз құжат айналымына көшу, көміртегі ізін төмендету жөніндегі мақсаттарды іске асыру, парниктік газдар шығарындысы туралы деректерді жариялау, экологиялық саясатты және жеткізуші кодексін қабылдау көзделген.

2024 ЖЫЛЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ БИРЖАЛЫҚ ТРЕНДТЕРІНЕ ШОЛУ

Қазақстан қор биржасы Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE) мүшесі болып табылады және осы ұйымның жұмысына белсенді қатысады. 2024 жылы WFE биржалардың орнықты даму саласындағы негізгі жетістіктері көрсетілген есепті ұсынды. WFE мүшелерінің шолуының нәтижелеріне сәйкес, биржа секторы ESG-күн тәртібіне тартылудың жоғары деңгейін көрсетуді жалғастырады:

- түрлі ESG-өнімдерін ұсынатын биржалардың пайызы 2015 жылғы 29%-дан 2023 жылы 82%-ға дейін өсті;
- жасыл бондтар айналысы үшін өз алаңын ұсынған биржалар саны 2016 жылғы 8-ден 2023 жылы 34-ке дейін өсті;
- инвесторлар тарапынан ESG-өнімдерге сұраныстың болуын атап өтетін биржалардың пайызы 96%-ға жетті;
- орнықты даму туралы өз есебін дайындайтын және жариялайтын биржалардың пайызы 86%-ға дейін өсті.

ESG-күн тәртібінің ықпалдасуының негізгі себептері орнықты дамуға ұмтылу және беделінің нығаюы болып қалып отыр. Биржалардың 96% инвесторлар тарапынан листингтік компаниялардың ESG-есептілігіне деген жоғары сұранысты тіркегендіктен, ал 45% бұл сұранысты ерекше жоғары деп атап өткендіктен, биржалар ESG-ашықтықты ілгерілету жөніндегі міндеттерге үлкен көңіл бөлуді жалғастырады.

Бұл ретте, 2024 жылы биржалар мен реттеуші органдар ESG-есептілікті ашып көрсетуге қойылатын талаптарды жетілдіруді, сондай-ақ климаттық ақпаратты ашып көрсету бойынша жекелеген нұсқаулықтарды әзірлеуді жалғастырды. Орнықты даму стандарттары жөніндегі халықаралық кеңестің (ISSB) шешімі маңызды қадам болды: 2024 жылдың көктемінде ISSB әлемдік ЖІӨ-нің 55%-ға жуығын білдіретін 20-дан астам юрисдикция IFRS S1/S2 стандарттарын енгізуге ниетті екенін жариялады. Осындай мәлімдемені 25-тен астам халықаралық биржа жасады, бұл – есептілік стандарттарын біріздендіруге ұмтылыстың дәлелі.

ESG-ақпараттың қолжетімділігі мен дұрыстығы проблемасы әлі де өзекті, бұл биржаларды ESG-ақпарат деректемелер қорын (ESG Data Hubs) құруға ынталандырады. Бұл платформалар компаниялардың инвесторлар, реттеушілер және жұртшылық алдындағы есептілігінің ашықтығын арттыра отырып, корпоративтік жауапкершілік және орнықты даму туралы деректерге

орталықтандырылған қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, инвесторлар компаниялардың тәуекелдері мен мүмкіндіктерін бағалау үшін ESG-деректерді пайдаланады, бұл инвестициялық шешімдерді қабылдау процесін барынша мағыналы және салмақты етеді.

Климаттық күн тәртібі 2024 жылы да өзектілігін сақтап қалды. Жыл соңына қарай Glasgow Financial Alliance for Net Zero (GFANZ) жаһандық қаржы альянсына қосылған биржалар саны 20-ға жетті. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі жаһандық стратегияның ажырамас бөлігі ретінде көміртегі нарықтарын дамыту түйінді бағыттардың бірі болып қала береді.

Көптеген биржа көміртегі квоталарын, деривативтерді және көміртегі кредиттерімен байланысты құралдарды сату үшін платформаларды іске қосты, сондай-ақ ерікті көміртегі нарығын қалыптастыруды қолдайды. Бұл бастамалар компанияларға парниктік газдар шығарындысын өтеуге және инвесторларға тұрақты жобаларға қатысуға мүмкіндік береді, бұл жаһандық энергияға өтуге ықпал етеді.

ESG-облигациялар орнықты даму саласында неғұрлым кең таралған биржалық құрал болып қалатынына қарамастан, биржалар басқа да қаржы өнімдерін белсенді түрде дамытып жатыр. Атап айтқанда, ESG-индекстер желісі, ESG-активтер бойынша деривативтер, сондай-ақ ESG-скорингтің әралуан түрі кеңейтілуде, бұл инвесторларға қаржылық емес тәуекелді неғұрлым тиімді ескеруге көмектеседі.

ESG-өнімдердің жалғасып отырған эволюциясы және есептілік стандарттарының қатаңдануы биржа секторы тұрақты қаржы жүйесін қалыптастыруда негізгі рөл атқаратынын растайды. KASE тобы жауапты инвестициялауды және нарыққа қатысушылардың қызметіне ESG-факторларды интеграциялауды қолдау үшін құралдарды дамыта отырып, жаһандық трендтерді ұстануды жалғастырады.

KASE ТОБЫНЫҢ БҰҰ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

2015 жылдан бастап Биржа БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына (бұдан әрі – БҰҰ ОДМ) қол жеткізу жөніндегі күш-жігерді үздіксіз қолдай отырып, БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасына белсенді қатысады. 17 БҰҰ ОДМ – бұл кедейшілікті жоюға, планетаны қорғауға, өмір сүру сапасын арттыруға және бүкіл әлем бойынша адамдардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған өзара байланысты мақсаттар.

KASE тобы орнықты дамудың халықаралық күн тәртібін белсенді қолдайды және қаржы нарығын дамыту, инновацияларды енгізу, қаржы құралдарының ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ әлеуметтік және білім беру бастамаларын іске асыру жолымен бірқатар Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосады.

Өзінің қызметін және қоршаған бизнес-ортаны бағалай отырып, KASE тобы БҰҰ-ның негізгі ОДМ бөліп көрсетті, оларға елеулі үлес қосуға ниетті.



KASE тобы өз жұмыскерлерінің және жалпы қоғамның денсаулығы мен әл-ауқатын нығайту үшін жағдай жасауға ұмтылады. KASE тобы сапалы медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып және аурудың алдын алуға ықпал ете отырып, өз жұмыскерлеріне медициналық сақтандыруды ұсынады, сондай-ақ қызметкерлер мен ұйымдардың неғұрлым кең тобы үшін спорттық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырады.



Білім беру бастамалары KASE қызметінде маңызды орын алады. Биржа қаржылық сауаттылықты ілгерілетіп отырып, сондай-ақ қор нарығы мен инвестиция туралы білімді дәріптей отырып, қаржы нарығына қатысушылар, студенттер мен кең аудитория үшін оқыту бағдарламалары мен семинарлар өткізеді. Оқытудың ішкі бағдарламалары жұмыскерлердің кәсіби құзыретін дамытуға ықпал етеді.



KASE әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдай отырып, гендерлік күн тәртібін белсенді дамытып жатыр. Биржа эмитенттерді корпоративтік басқаруға гендерлік қағидаттарды енгізуге ықпал етеді, гендерлік бағдарланған қаржы өнімдерін қолдайды және қаржы нарығына қатысушылар арасында гендерлік теңдіктің үздік практикаларын ілгерілетуге қатысады.




KASE Қазақстанның қаржы нарығының ашықтығын, өтімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, оны дамытуда негізгі рөл атқарады. Биржа шағын және орта бизнес кәсіпорындарын оларға капитал нарығына қол жеткізуді ұсыну арқылы қолдайды. Ұйымдар ішінде KASE тобы өз қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, лайықты еңбек қағидаттарын ұстанады.



KASE тобына кіретін компаниялар жүйелі маңызды инфрақұрылымдық ұйымдар бола отырып, нарықтық инфрақұрылымды жақсартып және инновациялық шешімдерді енгізе отырып, Қазақстанның қаржы эконожүйесін дамытуға ықпал етеді. KASE тобы реттеу стандарттарын жетілдіру, капитал нарықтарының тиімділігін арттыру және тұрақты қаржы құралдарын ықпалдастыру үшін реттеушілермен, нарыққа қатысушылармен және халықаралық әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.




KASE бөлшек және институционалдық қатысушыларды қоса алғанда, инвесторлардың әртүрлі тобы үшін қаржы ресурстарына қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етеді. Биржа қаржылық инклюзияға және жауапты инвестициялауды дамытуға бағытталған бастамаларды қолдайды, бұл қоғамдағы экономикалық теңсіздікті төмендетуге көмектеседі.



KASE компанияларды ESG-ақпаратты неғұрлым ашық көрсетуге ынталандыра отырып, жауапты қаржыландыру және тұрақты инвестициялар қағидаттарын ілгерілетеді. Орнықты даму қағидаттарын ұстану аясында Биржада ұйымның экологиялық ізін қысқартуға бағытталған "Жасыл кеңсе" бағдарламасы жұмыс істейді.



KASE Қазақстандағы климаттық күн тәртібін ілгерілетуге белсенді қатысады, көміртегі нарығының дамуына ықпал етеді және климаттың өзгеруіне қарсы күреске бағытталған қаржыландыру құралдарын енгізуді қолдайды. Биржа климаттық есептіліктің озық стандарттарын енгізе отырып және парниктік газдар шығарындысы туралы ақпаратты ашып көрсетуде компанияларды қолдай отырып, экономиканың көміртекті бейтараптыққа өтуіне жәрдемдеседі.



KASE тобы ашықтық, адалдық және жауапты корпоративтік басқару қағидаттарын ұстанады. KASE тобы нарықтық этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, инвесторлардың құқығын қорғауға ықпал етеді және Қазақстанда корпоративтік басқару стандарттарын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.



KASE тобы орнықты дамудың озық стандарттарын енгізу үшін халықаралық ұйымдармен, реттеуші органдармен және нарыққа қатысушылармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. KASE тобы орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологиялар мен қаржы ресурстарын жұмылдыру және тарату үшін көптеген мүдделі тараптың қатысуымен орнықты даму мүддесінде серіктестікті кеңейтуге ұмтылады.

KASE тобы БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын және өзге де халықаралық стандарттарды және орнықты дамудың үздік практикаларын басшылыққа ала отырып, ұзақмерзімді кезеңде орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттары мен міндеттерінің үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Жалпы, KASE тобы Қазақстанның тұрақты қаржы жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қоса отырып, өзінің стратегиясы мен операциялық қызметіне орнықты даму қағидаттарын ықпалдастыруды жалғастырады.

ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨЗҚАРАС

KASE тобы өз жұмысында өз қызметінің орнықты дамудың халықаралық қағидаттарына, нормалары мен стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтылады. KASE тобы орнықты даму қағидаттарын іске асыру қаржы нарықтарының тұрақты, жауапты және әдепті жұмысын қамтамасыз етуге көмектеседі деп есептейді, бұл экономикалық өсімге де, қоғамның әл-ауқатына да оң әсерін тигізеді.

KASE тобы Дүниежүзілік Биржалар Федерациясы жариялаған мынадай міндеттемелерді қамтитын орнықты даму қағидаттарын ұстанады:

- биржа экосистеміне қатысушылар арасында орнықты даму мәселелерінің маңыздылығын насихаттау жөнінен жұмыс істеу;
- инвесторлар үшін маңызды және шешім қабылдау үшін пайдалы ESG-ақпаратқа қолжетімділікті арттыруға ықпал ету;
- тұрақты қаржыландырудың күн тәртібін ілгерілету үшін мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасау;
- тұрақты қаржыландыру ауқымын кеңейтуге және қаржы ағындарын қайта бағдарлауға ықпал ететін өнімдерді әзірлеу;
- орнықты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі өз күш-жігерін қолдау үшін басқарудың тиімді ішкі процестерін, операциялық процестер мен саясатты құру.

KASE тобы ESG қағидаттарын стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқаруға белсенді түрде біріктіреді, орнықты даму мәселелерін басқаруды регламенттейтін саясатты әзірлейді, өз қызметіне орнықты дамудың үздік тәжірибелерін енгізеді және оларды листингтік компаниялар мен Биржа мүшелері арасында ілгерілетеді.

KASE тобының компаниялары өз қызметінде Қазақстан Республикасының адам құқығын қорғау саласында қолданылатын заңнамасының талаптарын ұстанады. KASE тобы БҰҰ адам құқығы аспектісінде Кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарында жазылған адам құқығын қорғау және сақтау қағидаттарына сәйкес келуге ұмтылады. KASE тобы компанияларының адам құқығы саласындағы міндеттемелері Адам құқығының халықаралық хартиясына және Халықаралық еңбек ұйымының жұмыс орнындағы іргелі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясында айқындалған құқықтарға қатысты қағидаттарға негізделген. KASE тобы Топтың қызметіне қатысты халықаралық қоғамдастық таныған барлық адам құқығын сақтауға ұмтылады.

Орнықты даму мәселелерін реттейтін KASE тобының негізгі құжаттары:

1. KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған стратегиясы;
2. Орнықты даму саясаты;
3. Адам құқығы жөніндегі мәлімдеме;
4. Корпоративтік басқару кодексі;
5. Корпоративтік этика кодексі;
6. Тәуекелді басқару және ішкі бақылау саясаты;
7. Комплаенс-тәуекелді басқару саясаты;
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
9. Персоналды басқару саясаты;
10. Мүдде қақтығысын басқару саясаты.

2024 жылы орнықты даму саласындағы негізгі қағидаттар мен стандарттарға бейімділікті белгілеуді, орнықты даму саласындағы қызметтің негізгі бағыттарын бөліп көрсетуді, осы саладағы мақсаттар мен міндеттерді қоюды, сондай-ақ орнықты даму саласындағы қызметтің жалпы қағидаттарын айқындау мен жүйелеуді қоса алғанда, KASE тобының орнықты даму жүйесінің негізгі компоненттерін айқындайтын Орнықты даму саясаты өзекті етілді. KASE тобының тұрақтылық аспектілерін басқару жүйесі орнықты дамудың үздік практикаларын, реттеуші органдардың талаптарын, мүдделі тараптардың пікірлерін және KASE тобының даму стратегиясын үздіксіз жетілдіруді ескере отырып, ұдайы дамып келеді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

KASE тобы өз қызметін мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін тұрақты және ұзақмерзімді құндылық жасау мақсатында басқарады. Қаржы нарығының жүйелі инфрақұрылымдық элементі бола отырып, Биржа мүдделі тараптардың болжалы мен мүддесіне және олармен тұрақты өзара іс-қимылды ұйымдастыруға ерекше мән береді.

Биржа өз қызметіне, іскерлік өзара қатынастарға және сыртқы операциялық ортаға Биржаның қызметі тікелей немесе жанама әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін стейкхолдерлерді анықтау мақсатында тұрақты негізде шолу және бағалау жүргізеді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұйымдастырған кезде KASE тобы мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- мүдделі тараптардың мүддесін құрметтейді және ескереді;
- мүдделі тараптарды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылады;
- өз қызметінде, сондай-ақ қаржылық есептілік пен қаржылық емес ақпаратты ашып көрсетуде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптармен ашық және өнімді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындайды;
- тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл

KASE тобы KASE қаржылық нәтижелері туралы, сондай-ақ корпоративтік басқару практикасы туралы барабар ақпаратты уақытылы жариялауды көздейтін ақпаратты ашып көрсетудің және ашықтықтың халықаралық стандарттарын сақтауға ұмтылады. KASE тобының ақпаратты ашып көрсетуінің негізгі қағидаттары, Биржаның ақпаратты ашып көрсету және тарату тәртібі Ақпараттық саясатта бекітілген. KASE тобының акционерлермен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі және KASE тобының басқа да ішкі құжаттары бойынша реттеледі. Өзінің акционерлер алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, KASE тобы негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде олардың құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Нарықтың кәсіби қатысушыларымен өзара іс-қимыл

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасаған кезде, Биржа ақпараттық ашықтық, кәсібилік, адалдық, өзара тиімділік мүддесін сақтау, қабылданған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну қағидаттарын басшылыққа алады, сондай-ақ шарттық қатынастардың барлық талабын және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылады. Биржаның ішкі құжаттары қолданылатын заңнама және іскерлік этика негізінде әзірленеді. Корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасындағы қатынастар өзара сенім мен құрметке негізделеді. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы субъектілері арасындағы кәсіби этика және іскерлік мінез-құлық ережелерін сақтау мақсатында және олардың осы нарықтағы қызметі Қазақстан Республикасының заңдары, Биржада қабылданған Кәсіби этика және іскерлік мінез-құлық ережелері және Биржаның өзге де ішкі құжаттары, іскерлік айналым шарттары мен дәстүрлері бойынша реттеледі.

KASE тобы нарыққа қатысушылармен тұрақты негізде тоқсан сайын кездесу өткізеді. 2024 жылы осындай төрт кездесу өткізіліп, оның аясында инфрақұрылымды жақсартуға, жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлеуге қатысты негізгі мәселелер талқыланды. Сауда-саттықты ұйымдастыруға, қор нарығының жұмысын форс-мажор жағдайларында қамтамасыз етуге бағытталған жақсарту, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мәселелері қаралды. Биржаның жаңа сервистерін ұсыну параметрлері, оның ішінде сервистік портал, ақпараттық қызметтер және Tabadul электрондық сауда-саттық жүйесіне рұқсат беру мәселелері талқыланды. Енгізілген және жоспарланған шараларды, операциялық рейтинг алуды және клирингілік қорларды есептеудің жаңа әдістемелерін қоса алғанда, KACC тәуекел-менеджментінің аспектілері талқыланды. Сондай-ақ АҚШ нарығының T+1 есеп айырысу жүйесіне көшуіне, EUR/USD своптары бойынша сауда-саттықты іске қосуға, деривативтер нарығына және бағалы қағаздармен кредиттеу операцияларына байланысты KASE Global артықшылықтары қаралды. Кездесу шеңберінде қатысушылар биржалық сауда-саттық инфрақұрылымын одан әрі дамыту және KASE тобымен жұмысты одан әрі ұйымдастыру кезінде ескерілетін KASE-мен өзара іс-қимыл бойынша тілектері мен ұсыныстарын білдірді.

Тұтастай алғанда, клиенттердің биржалық сервистерге қанағаттануының елеулі деңгейіне қол жеткізу KASE тобының стратегиялық таргеттерінің бірі. Жыл сайын KASE тобы клиенттерге сауалнама жүргізу арқылы қанағаттанушылықты бағалауды жүргізеді. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша 2024 жылдың қорытындысы бойынша Биржа клиенттерінің қанағаттануының жалпы бағасы 94,3%-ды құрады. Өткен жылмен салыстырғанда (93,1%) көрсеткіштің 1,2%-ға өскені байқалады.

Жұмыскерлермен өзара іс-қимыл

KASE тобының жұмыскерлермен өзара қарым-қатынасы жоғары кәсіби, дәлелді және білікті персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық және айқын кадр саясатына негізделген. KASE тобы барлық қызметкердің еңбек қызметі, біліктілігін арттыру және оқыту процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін әділ және тең мүмкіндіктерді, олардың қызметінің нәтижелерін тәуелсіз бағалауды, сондай-ақ қызметкерлерді іріктеуді және олардың мансаптық өсуін тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде қамтамасыз етуге ұмтылады.

Мемлекеттік органдармен және кәсіби қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау

KASE тобы мен оның қызметкерлері мемлекеттік органдардың және KASE тобының барлық бастамасы ел экономикасын дамытуға бағытталуы тиіс екенін түсіне отырып, серіктестік және құрмет қағидаттары негізінде мемлекеттік

органдармен және мемлекеттік қызметшілермен қарым-қатынас жасайды. KASE тобы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, ҚНРДА және "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы" ЗТБ өкілдерімен тұрақты түрде диалог жүргізеді. Заңнаманың және жалпы құқықтық ортаның жай-күйіндегі өзгерістерге олардың кәсіби қатысушылардың қызметіне әсері тұрғысынан талдау және мониторинг жүргізеді, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді жазуға және өзгертуге қатысады.

KASE тобы – жауапкершілігі жоғары және адал салық төлеуші.

2024 жылы негізгі мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тұлғалар тобы	Өзара іс-қимыл жасау тәсілдері мен арналары	
Акционерлер	• акционерлердің жалпы жиналысы • Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысу үшін Биржа акционерлерімен өзара іс-қимыл • дауыс беруге арналған бюллетеньдердің материалдары мен нысандарын ұсыну • электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар және жазбаша өтініштер • акционерлердің сауалдарына ресми хаттар	• жылдық қаржылық есептер • орнықты даму туралы жарияланған ақпарат • қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарындағы жарияланымдар • баспасөз мәлімдемелері • инвесторлар мен акционерлер үшін ортақ корпоративтік сайт және бөлімдер
Клиенттер (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және эмитенттер)	• байланыс орталығы • Биржаның мобильді қолданбасы • корпоративтік сайт • "Эмитент күні" жобасы	• KASE TALKS • нарыққа қатысушылармен тоқсан сайын кездесулер

	• Қазақстан өңірлері бойынша көшпелі сессиялар • әлеуметтік желілер	• кәсіби қатысушылардың қызмет көрсету сапасына қанағаттануын бағалау
Жұмыскерлер	• қызметкерлердің қанағаттану деңгейін зерттеу • корпоративтік пошта • жылдық есептер	• townhall (ішкі коммуникация және хабарландыру) • оқыту • еріктілер және волонтерлер қызметі • корпоративтік іс-шаралар

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ПРАКТИКАСЫН ІЛГЕРІЛЕТУ

Қаржы нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары бола отырып, KASE тобы компаниялары экономикалық өсуді және нарыққа қатысушылардың әл-ауқатын қолдау үшін оның тиімді дамуына ықпал ете отырып, сенімді және тұрақты қаржы инфрақұрылымының жұмысын қамтамасыз етеді.

Бүкіл әлемде қор биржалары экологиялық және әлеуметтік жауапты жобаларға капитал тарту тетіктерін құра отырып, тұрақты экономикаға жаһандық көшуде шешуші рөл атқарады. Олар ESG-ақпаратты ашып көрсету стандарттарын енгізеді және инвесторларға тұрақтылық деңгейі жоғары компанияларға бағдарлануға көмектесетін құралдар мен өнімдерді ұсынады. Сондықтан KASE тобы жауапты қаржыландырудағы озық тәсілдерді ілгерілетуді, орнықты даму құралдарының желісін белсенді енгізу мен кеңейтуді өзінің басымдығы деп санайды, бұл Қазақстанда экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағдарланған нарықты қалыптастыруға және өсуге ықпал етеді.


ESG-облигациялар

Қазақстан қор биржасы – компанияларға ESG-облигацияларды орналастыруға мүмкіндік бере отырып, тұрақты қаржыландыруды тартудың негізгі алаңы. 2020 жылдан бастап бес жыл ішінде Биржада ESG облигацияларының 28 шығарылымы тіркелді (5 шығарылым өтелді). Олардың жарияланған көлемі – 760,4 млрд теңге. Осындай облигацияларды шығарған компаниялар 606,2 млрд теңгеден астам көлемде қаражат тартты. 2024 жылдың соңына қарай KASE-де Қазақстандағы барлық ESG-шығарылымның 95%-ынан астамы тіркелген.

ESG-бондтарды Биржада орналастыруға жалпы листингілік талаптар қолданылады. ESG-облигациялар листингіне қойылатын жалғыз қосымша талап – International Capital Market Association немесе Climate Bond Initiative стандарттарына сәйкес келетін верификатордың сыртқы бағасын ұсыну қажеттігі. Бұл ретте Биржада листингілік алымдарды төлеу бойынша жеңілдік қолданылады. 2024 жылдың соңында осындай жеңілдіктің қолданылу мерзімі 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Қазақстандағы ESG-облигациялардың алғашқы шығарылымы 2020 жылы болды. KASE-де жасыл облигациялардың екі шығарылымын орналастырған Азия даму банкі эмитент болды. Келесі 2021 жылы жасыл облигацияларды "KEGOC" АҚ пен Еуразиялық даму банкі орналастырды. Алғашқы әлеуметтік облигацияларды Азия даму банкі 2021 жылдың басында тіркеді, сол жылдың күзінде Биржаның саудасаттық тізімдері "Даму" ҚДҚ" АҚ пен Еуразиялық даму банкінің әлеуметтік облигацияларымен толықтырылды.

KASE-дегі ESG-шығарылымдары, 2020-2024, млрд теңге



2022 жылы ESG-облигациялар эмитенттеріне "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қосылды, ал 2023 жылы нарыққа алғаш рет шағын және орта бизнес субъектілері – "KazWind Energy" ЖШС және "Black Biotechnology" ЖШС шықты, олар тартылған қаражатты тиісінше жел станциялары мен инновациялық биоазықтық қоспалар мен тыңайтқыштарды дамытуға бағыттады. Сонымен қатар 2023 жылы ESG-облигациялар нарығында микроқаржы ұйымдары пайда болды. "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ пен "Арнұр Кредит" МҚҰ" ЖШС өздерінің алғашқы гендерлік облигацияларын орналастырды.

2024 жыл Қазақстанның ESG-нарығын дамыту үшін маңызды жыл болды. ESG-облигациялардың тіркелген шығарылымдарының көлемі 2023 жылғы көлемнен 9 есе артық болды. Тұрақты қаржыландыруды дамытуға "Отбасы банкі" ТҚЖБ" АҚ елеулі үлес қосты, халық үшін қолжетімді тұрғын үй кредитін қамтамасыз ете отырып, облигациялардың үш дәйекті шығарылымын жүзеге асырды. Алғаш рет "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ орнықты даму облигацияларының шығарылымы орналастырылды. 2024 жылдың соңында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ "Кең дала 2" бағдарламасы шеңберінде "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді қолдау үшін әлеуметтік облигацияларды – қаржыландыруды орналастырды.

Барлығы 2024 жылы KASE-де ESG-облигациялардың 10 шығарылымы тіркелді: 5 жасыл облигациялар шығарылымы, 4 әлеуметтік облигациялар шығарылымы және 1 орнықты даму облигациялары шығарылымы. Эмитенттер JET Group Ltd. ЖК, "AGRIQA Азия" ЖШС, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "A-cars" ЖШС, "Отбасы банкі"

ТҚЖБ" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "HILL Coror" ЖШС, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ болды.

ESG-облигациялар индекстері

2024 жылы Биржа ESG-облигациялар индекстерін есептеу мен жариялауды бастады:

- ASE_ESGB_CP – KASE ресми тізіміне негізгі және балама алаңдарға енгізілген ESG облигациялардың "таза" бағаларының индексі;
- KASE_ESGB_DP – KASE ресми тізіміне негізгі және балама алаңдарға енгізілген ESG облигациялардың "таза емес" бағаларының индексі;
- KASE_ESGB_Y – ESG облигациялардың индексі кірістілігінің индикаторы (жылдық пайызбен);
- ESG облигациялар индексінің дюрациясы (жылдармен).

ESG облигациялардың индекстерін есептеу формулалары борыштық құралдар үшін индекстерді анықтаудың жалпы қабылданған әдіснамасы бойынша стандартты тәсілді қамтиды.

Гендерлік теңдікті ілгерілету

KASE тобы Биржаның жұмыскерлері арасында және бизнес-ортада гендерлік теңгерімді қамтамасыз етуге ықпал ете отырып, гендерлік теңдікті қолдау бағдарламаларын ілгерілетуге ұмтылады. Жыл сайын Халықаралық әйелдер күні қарсаңында БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" жаһандық бастамасы шеңберінде Биржа гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына назар аударуға арналған сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімін өткізеді. Жыл сайын әлемде 100-ден астам биржа осы бастамаға қосылады. Іс-шараның жаһандық серіктестері Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), БҰҰ Жаһандық шарты (UN Global Compact), БҰҰ-әйелдер (UN Women) және Дүниежүзілік Биржалар Федерациясы (WFE) болып табылады.

2024 жылдың 6 наурызында KASE Биржаның алаңында Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының дәстүрлі ашылу рәсімі өтті, оның шеңберінде "Invest in Women: Accelerate Progress" тақырыбында пікірталас өтті.

Ақпаратты ашып көрсету

Ашықтық кез келген нарықта сенім мен сенімділікті нығайту үшін іргелі құрылыс блогы болып табылады. Есептіліктің стандартталған әдістерімен үйлесімде ақпаратты уақытылы және дәл ашып көрсету нарық тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды элементтері болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының "Тұрақты қор биржалары" бастамасына қосылу кезіндегі Биржаның алғашқы міндеттемелерінің бірі 2015 жылы листингілік компаниялардың ESG-ақпаратты ашып көрсетуі бойынша әдістемені әзірлеу болды. Мұндай әдістеме 2016 жылдың соңында әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Сол кезде әдістеменің негізгі ережелері экологиялық критерийі бөлігіндегі ақпаратты ашуды анықтады: пайдаланылатын материалдарды сипаттау, су мен энергияны тұтыну, ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындысы. Әлеуметтік мәселелер бойынша жұмыспен қамтудың сипаты, жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздікті ұйымдастыру мәселелері, білім мен дайындық, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер ұсынылды. Корпоративтік басқару бөлігінде корпоративтік басқару жүйесін сипаттау, басқару, ішкі бақылау және аудит көзделді.

2018 жылы Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп әдістеме жаңартылды. Оның бастапқыдан негізгі айырмашылығы – жалпы экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты қызметтің түйінді көрсеткіштерінің тізімін, корпоративтік басқару мәселелерін анықтау, сондай-ақ экономиканың түйінді секторлары бойынша салалық ерекшеліктерді сипаттау.

2020 жылдың ақпанында Биржа листингілік компаниялар Биржаға ұсынуы тиіс жылдық есептерге қойылатын талаптарды жаңартты. Талаптар арасында бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" санатында тұрған компаниялар үшін әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық жөніндегі ақпаратты қосымша ашу көзделген. 2021 жылы Биржа Әдістеменің барлық шартын Бағалы қағаздарға рұқсаттама беру бастамашыларының ақпаратты ашып көрсету ережелерінде белгіленген және ESG ақпаратты ашуды көздейтін жылдық есептерді дайындау жөніндегі талаптарға көшіру процесін аяқтады.

2023 жылы Биржа ESG-ақпаратты ашып көрсетуге тиіс компаниялар тізбесін кеңейту бөлігінде өз ережелеріне өзгеріс енгізді. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Биржаға жылдық есепті дайындау және ұсыну бойынша талап "Баламалы" алаңда өз бағалы қағаздарын орналастыратын компанияларға (орта және шағын бизнес) қолданылатын болады.

2024 жылғы қарашада ҚНРДА-мен бірлесіп "Эмитенттердің қор нарығындағы ақпаратты ашып көрсетуі" тақырыбында вебинар өткізілді. Сарапшылар ақпаратты ашып көрсету ережелері мен тәртібі туралы ақпаратпен бөлісті, бұл бағалы қағаздарды табысты орналастыру үшін ғана емес, сондай-ақ қор нарығында одан әрі айналыс процесінде өтімділікті қолдау үшін қажетті шарт болып табылатынын атап өтті.

KASE жыл сайын листингілік компаниялар арасында жылдық есеп конкурсын өткізеді. Биржа конкурсқа қатысушылар есептерінің әртүрлі сипаттамасын

бағалауды ескеретін жылдық есептерді бағалау тәртібін әзірледі. Жиынтығында шамамен 150 критерий бағаланады. "Банк ЦентрКредит" АҚ-тың есебі қаржы секторындағы 2023 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп болып танылды, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ пен "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ есептері жүлдегер атанды. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ-тың есебі қаржылық емес сектордағы 2023 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп болып танылды, ал Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ есептері жүлдегер атанды.

Шағын және орта бизнесті қолдау

Орнықты даму саясаты KASE тобының шағын және орта бизнес субъектілерінің инвестиция тартуға қол жеткізуін кеңейтуге жәрдемдесу саласындағы міндеттерін белгілейді. Осы міндеттерді іске асыру үшін KASE тобы қаржыландыруды тарту және қаржылық сауаттылықты арттыру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған бастамаларды әзірлейді және енгізеді.

Шағын және орта бизнестің капитал нарығына шығуын жеңілдететін құралдарды дамытуға ерекше назар аударылады. Осы тұрғыда KASE қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін бірқатар іс-шараларды ұйымдастырады және қатысады.

Мәселен, 2024 жылдың қаңтарында Биржа Шымкент қаласының кәсіпкерлері үшін Атамекен алаңында "KASE-нің бизнеске беретін мүмкіндіктері" атты вебинар өткізді. Спикерлер бизнес үшін қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, қор нарығына шыққан кезде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы айтып берді.

2024 жылғы ақпанда Биржа "Жасыл Даму" АҚ шақыруымен заңды тұлғалар үшін "Қор нарығының негіздерін" оқытуды ұйымдастырды. KASE спикерлері шақырылған қонақтарға қор нарығының артықшылықтарын түсіндіріп, қаржы құралдарының арасындағы айырмашылықтар, қаржы нарықтарындағы тәуекелдер, сондай-ақ инвестициялау стратегиялары туралы айтып берді.

2024 жылғы мамырда бірқатар вебинар өткізілді: PWC-мен бірлесіп "Жасыл облигациялар шығару", KPMG-мен бірлесіп "ESG қағидаттарына сәйкес есептілікті дайындау" және AERC-пен бірлесіп "Инвесторларға макроэкономика жайлы". Ал маусым айында "Инвесторлармен байланысты жақсарту: Қазақстандағы листингілік компаниялар үшін алдыңғы қатарлы стратегиялар" вебинары өткізілді, онда Қазақстан нарығындағы IR стратегиялық құндылығы, Қазақстандағы IR тәжірибесінің даму болжамдары және олардың листингілік компанияларға әсері сияқты тақырыптар көтерілді.

2024 жылғы қыркүйекте KASE қызметкерлері "Жасыл көкжиек: Қазақстандағы кәсіпкерлік және орнықты даму" бизнес-бранчына қатысты. 2024 жылғы қазанда KASE қызметкерлері кредиттік серіктестіктердің форумына қатысты, онда қор нарығындағы мүмкіндіктер туралы ақпарат таныстырылды.

Шағын және орта бизнес компаниялары үшін қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту жөніндегі міндеттерге қол жеткізуде облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялауға мүмкіндік беретін "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ бағдарламалары үлкен рөл атқарады. KASE тобы инфрақұрылымдық алаң ретінде нарыққа қатысушыларға Қормен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыра отырып, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының мән-жайларын түсінуге көмектеседі. 2024 жылғы желтоқсанда ҚНРДА-мен және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-пен бірлесіп KASE қызметкерлері KASE-дегі листингілік процедураларға, шағын және орта бизнес компанияларында корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру тәсілдеріне қатысты және қор нарығын дамыту үшін мемлекеттік қолдау шаралары туралы вебинар өткізді.

Жеке адамдардың қаржылық қызметтерге қол жеткізуін кеңейтуге жәрдемдесу

Жергілікті нарықта бөлшек инвесторлардың саны өсіп жатыр. "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ деректеріне сәйкес, 2025 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда 3,5 млн-нан астам шот, оның ішінде 685 мың қосалқы шот және омнибус шот арқылы ашылған 2,8 млн жеке шот ашылды. Қаржылық сауаттылықты арттыру қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуде және жеке инвесторлар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуде негізгі рөл атқарады. KASE тобы қор нарығы мен инвестициялық құралдар туралы өзекті ақпаратты ұсына отырып, қаржы мәдениетін дамытуға белсенді түрде жәрдемдеседі. Осы жұмыс шеңберінде KASE қаржы нарығына қатысушылардың хабардарлығы мен құзыреттілігін арттыруға бағытталған бірқатар білім беру және ақпараттық бастаманы іске асырады.

Жыл сайынғы негізде Биржа Global Money Week жаһандық жобасына қатысады. Мәселен, 2024 жылғы наурызда Биржа ұсынылған жоба шеңберінде "Қаражат жинаудан инвестиция салуға дейінгі 5 қадам" вебинарын өткізді, онда ісін жаңа бастаған инвесторлар үшін қазақстандық бағалы қағаздар нарығында инвестициялаудың артықшылықтары туралы ақпарат ұсынылды. 2024 жылғы маусымда ісін жаңа бастаған инвесторлар үшін "Фьючерстер туралы қарапайым сөздермен" вебинары өткізілді, сондай-ақ мерзімді нарық құралдары бойынша квазимемлекеттік сектор компанияларының қызметкерлері үшін ішкі оқыту жүргізілді.

2024 жылдың 21 қазаны мен 21 қарашасы аралығында акциялар нарығында бөлшек инвесторлардың жыл сайынғы конкурсы өткізілді. Іс-шараны өткізу Қазақстандағы акциялардың биржалық саудасын насихаттауға бағытталды. Конкурсқа KASE қор нарығына мүше брокерлік компаниялардың клиенттері болып табылатын жеке адамдар қатысты. Конкурсқа қатысушыларға қолжетімді қаржы құралдарының тізіміне KASE индексінің акциялары мен KASE Global секторының акциялары кірді. Конкурсқа 100-ден астам бөлшек инвестор қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша оның қатысушылары 2 942 мәміле жасасты, ал алынған максималды кіріс 117%-дан асты. Өткізілген кезеңде акциялармен мәміле жасау қорытындысы бойынша максималды кіріс тапқан үш жеңімпаз бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Биржаның қор нарығына әлеуетті инвесторларды тартуға бағытталған тағы бір жобасы "Биржалық симулятор" конкурсы – Биржаның 2008 жылдан бері жылына екі рет өткізетін студенттік жобасы. Конкурс барысында жобаға қатысушыларға сауда-саттық басталғанда басқаруға номиналды мөлшері 1 млн теңге болатын портфель (қаржы құралдарының/акциялардың виртуалды жинағы) беріледі. "Биржалық симулятор" қатысушыларының негізгі міндеті ең үздік инвестициялық портфельді қалыптастыру болып табылады.

2022 жылдан бастап рұқсат етілген қатысушылардың тізімі кеңейтілді (яғни ЖОО студенттері үшін ғана емес) және Биржаның KASE Mobile мобильді қолданбасы арқылы барлық ниет білдіруші үшін өткізіледі. Жоба шеңберінде сауда-саттыққа қатысушыларға 60-тан астам құрал қолжетімді. Өкілдік тізімнің акцияларынан, сондай-ақ Exxon Mobil, Coca-Cola және басқа да танымал брендтердің акцияларынан басқа, сауда-саттыққа инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары қосылды.

2024 жылы аталған конкурс 3 сәуір мен 31 мамыр аралығында "Биржалық симулятор" оқыту жобасы шеңберінде оқу сауда-саттығы жүйесінде өтті. "Биржалық симуляторға" қатысушылардың негізгі міндеті – ақшаны жоғалту тәуекелінсіз ең үздік инвестициялық портфельді қалыптастыру, өйткені барлық мәміле виртуалды ақша қаражаты есебінен өтеді.

Қаржы сауаттылығын арттыру үшін Биржа Қазақстанның ЖОО студенттері үшін қор нарығының негіздері және "Биржалық симулятор" жобасы үшін KASE Mobile мобильді қолданбасын пайдалану туралы тұрақты түрде таныстыру семинарларын; "KASE-дегі фьючерстер" тақырыбындағы онлайн-вебинарлар; брокерлік ұйымдармен ынтымақтастықта "Бағалы қағаздар нарығына кіріспе", "Акцияларды таңдау", "Облигацияларды таңдау", "Инвестициялық қорларды таңдау (ПИҚ және ETF)", "Мерзімді нарыққа кіріспе", "Инвестициялық портфельді құру" тақырыптары

ашылған бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін "KASE-дегі менің портфелім" кешенді оқыту бағдарламасын өткізеді. Сонымен бірге "KASE академиясы" жобасын іске асыру шеңберінде Биржа Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының (WFE) World Investor Week 2024 жыл сайынғы бағдарламасын және "Ring the Bell for Financial Literacy" салтанатын қолдау үшін Қазақстанның үш қаласындағы жетекші жоғары оқу орындарының алаңдарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін ұйымдастырады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Корпоративтік басқарудың тиімді тетіктері – қаржы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығының маңызды құрамдас бөлігі. KASE тобы корпоративтік басқару, этика және іскерлік мінез-құлықтың үздік тәжірибелері мен стандарттарын ұстанады. Корпоративтік басқарудың жоғары стандарттары халықаралық және жергілікті инвесторларды тартуға ықпал ететінін, нарықтың өтімділігін арттыратынын және капиталды орналастыру үшін сенімді алаң ретінде биржаның беделін нығайтатынын сезіне отырып, KASE тобы оларды қазақстандық қор нарығында ілгерілетуге күш салады.

Корпоративтік басқару жүйесі

Тұрақтылық пен ұзақмерзімді өсуді қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару жүйесінің маңызын назарға ала отырып, KASE тобы өз қызметіне корпоративтік басқарудың озық стандарттары мен үздік практикаларын енгізуге ерекше назар аударады.

KASE тобының корпоративтік басқару жүйесінің мақсаттары оның қызметінің ашықтығын, есептілігін және тиімділігін қамтамасыз етуге және сараланған стратегиялық шешімдер қабылдауға, KASE тобына кіретін ұйымдардың орнықты дамуына және олардың халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары KASE тобына кіретін ұйымдардың Корпоративтік кодекстерімен анықталады:

- 1) Биржа акционерлерінің құқығы мен мүддесін қорғау;
- 2) Биржаны оның акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржаның Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының тиімді басқаруы;
- 3) Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің айқын, уақытылы және объективті болуы;
- 4) заңдылық және этика;
- 5) тиімді дивидендтік саясат.

Корпоративтік басқару кодексін сақтау

KASE тобына кіретін ұйымдардың қолданыстағы Корпоративтік басқару кодекстері Директорлар кеңесі мен Басқарма, акционерлер мен лауазымды адамдар арасындағы қатынастарды, KASE тобы компаниялары органдарының жұмыс істеу және шешім қабылдау тәртібін қоса алғанда, ұйымдарды басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен қағидаттарды белгілейді.

KASE тобына кіретін ұйымдардың Корпоративтік басқару кодекстері ҚР қолданыстағы заңнамасының қағидаларына сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында қалыптасқан ұлттық және халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді.


Жоғары деңгейдегі корпоративтік басқару – KASE тобына кіретін ұйымдардың табысты және тиімді қызметі үшін қажет шарт. Корпоративтік басқаруды ұдайы жетілдіру – біз үшін тұрақтылықты арттыру, Директорлар кеңесі, Басқарма және акционерлер арасындағы қарым-қатынастың тиімді жүйесін құру үшін қажет маңызды міндет. KASE тобы қаржы нарығының маңызды құрылымдық элементі ретінде өз стейкхолдерлері үшін құндылықтарды арттыру бойынша күш-жігерін жұмсауды жалғастырады. Биржаның Директорлар кеңесі мен Басқармасы KASE тобының қызметі Корпоративтік басқару кодексінде анықталатын қағидаларға, ережелерге және корпоративтік басқару процедураларына сәйкес жүргізілетінін растайды. Биржаның Корпоративтік басқару кодексінің, Биржа Жарғысының және басқа да ішкі нормативтік құжаттардың ережелерін мүлтіксіз сақтай отырып, Биржа тиісті корпоративтік басқару практикасын дамытуға және жетілдіруге ықпал етуге өзінің ниетін растайды.

Корпоративтік басқарудың құрылымы

Қазақстан қор биржасында функцияларды акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқарма арасында бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа Жарғысына сәйкес жүргізілді.

Биржаның Директорлар кеңесі жанынан мынадай консультациялық-кеңесші органдар құрылып, жұмыс істейді: Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет, Ішкі аудит жөніндегі комитет. Басқарма жанынан Комитеттер мен жұмыс топтары түрінде бірқатар жұмыс органы құрылды, бұл неғұрлым маңызды стратегиялық мәселелерді егжей-тегжейлі қарауға мүмкіндік береді. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметі, Комплаенс-қызметі және Корпоративтік хатшы жәрдем көрсетеді.

Қазақстан қор биржасының құрылымы



2024 жылғы 31 желтоқсанда Биржаның жарияланған жай акцияларының (KZ1C00001213) жалпы саны бес миллион дана болды, оның ішінде 1 075 231 жай акция орналастырылды, олардың акционерлері 106 тұлға, оның ішінде банктер, брокерлік және сақтандыру ұйымдары, жеке адамдар, Биржаның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 46,99%-ы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі болды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы – Биржаның жоғары басқару органы. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Биржаның Жарғысында белгіленген.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері: 33%.

Директорлар кеңесінің құрамындағы әйелдердің үлесі: 33%.

Директорлар кеңесі – Биржаның басқару органы және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Биржа Жарғысымен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылық етеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE Директорлар кеңесінің құрамы:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және уәкілетті органның өкілдері:

– Молдабекова Әлия Мейірбекқызы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары;

– Хаджиева Мария Жамалқызы – ҚНРДА төрағасының орынбасары;

Биржа жарғысының негізінде атқарушы органның басшысы:

– Алдамберген Алина Өтемісқызы – KASE Басқармасының төрағасы;

KASE Директорлар кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 28 наурыздан бастап Басқарма төрағасы Алина Алдамбергеннің өкілеттігі оның өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2025 жылғы 31 наурыздан бастап KASE Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы қызметіне Әділ Мұхамеджановты сайлады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

– Елдар Советұлы Әбдіразақов – "Сентрас Капитал" ЖШС бас директоры, "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, "Эйр Астана" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

– Есжан Амантайұлы Біртанов – "TANSAR CAPITAL" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

– Асқар Раушанұлы Елемесов – KASE тәуелсіз директоры, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Samanea Limited" Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "SkyBridge Invest" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.

– Израэли Дорон – KASE тәуелсіз директоры, Жоғары бизнес мектебінің профессоры, Назарбаев университеті.

– Ертай Исмаилұлы Сәлімов – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, "Казкоммерцбанк Тәжікстан" ЖАҚ байқаушы кеңесінің төрағасы, "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

– Ян Виллемс – KASE тәуелсіз директоры, Clearstream Banking әлемдік нарықтар өнімдері бөлімінің атқарушы директоры, басшысы, Люксембург.

Әлия Мейірбекқызы Молдабекова (1976)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары

2019 жылғы желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Бұған дейін, 2015-2019 жылдар аралығында Монетарлық операциялар департаментін басқарған, ал 2012-2015 жылдар аралығында аталған департамент басшысының орынбасары болған. 2003-2012 жылдар аралығында Монетарлық операциялар департаментінде түрлі басшылық лауазымды атқарды. 2001 жылдан 2003 жылға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Портфельдер мен қаржы нарықтарын талдау басқармасында жұмыс істеді. Кәсіби мансабын 1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЭЕМ математикалық қамтамасыз ету және математикалық кибернетика кафедрасының ассистенті ретінде бастады.

"Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл", "Теңгеге 20 жыл", "Ерен еңбегі үшін", "Астанаға 20 жыл" мерейтойлық медальдарымен, "ҚРҰБ еңбек сіңірген қызметкері" төсбелгісімен марапатталған. Бірнеше рет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының Алғысына ие болды.

Мария Жамалқызы Хаджиева (1971)

ҚНРДА төрағасының орынбасары

2020 жылдың қаңтарынан бастап ҚНРДА төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Оған дейін, 2019 жылдың мамырынан желтоқсанына дейін Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесі төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды. 2018-2019 жылдары Бірыңғай бағалы қағаздар тіркеушісін басқарды, ал 2017-2018 жылдары оның Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 2016 жылдан 2017 жылға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бағалы қағаздар нарығы департаментін, ал 2014-2016 жылдары Бағалы қағаздар нарығы субъектілерін қадағалау департаментін басқарған. 2011-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті төрағасының орынбасары болды. Бұған дейін, 2008 жылдан 2011 жылға дейін, Бағалы қағаздар нарығы субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаментін басқарған, одан бұрын, 2006-2008 жылдары директордың орынбасары қызметін атқарған. 2000-2006 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментінде жұмыс істеді, ал кәсіби мансабын 1995 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде бастады, онда Заңнама бөлімінің жетекші консультанты қызметін атқарды.

Әр жылдары "Казкоммерц Секьюритиз", Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің, Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеушінің, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының, Қазақстан қор биржасының Директорлар кеңесінің құрамына кірді.

Алина Өтемісқызы Алдамберген (1973)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі.

Белгілі қаржыгер. Өр жылдары мемлекеттік органдарда, ұлттық компаниялар мен қазақстандық қаржы ұйымдарында басшылық қызметтерді атқарды.

2016 жылдан бастап FEAS (Federation of Euro-Asian Stock Exchanges) Атқарушы кеңесіне кіреді. Қазіргі уақытта FEAS Жұмыс комитетінің төрағасы қызметін атқарады.

"Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" ЗТБ кеңесінің және "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2008 жылдан 2011 жылға дейін ҚНРДА төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 2013-2016 жылдары "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды.

Халықаралық және қазақстандық конференцияларда тұрақты түрде спикер ретінде сөз сөйлей отырып, биржа қызметін дамыту, IT-трансформация, ESG-қаржыландыру, инклюзивтілік және көшбасшылық мәселелері бойынша белсенді қоғамдық қызметті жүргізеді.

"Құрмет" орденімен, "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл", "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл", "Теңгеге 30 жыл", "Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл" мерейтойлық медальдарымен, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Үлес" және "Еңбегі үшін" медальдарымен, "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының "Іске адалдық" медалімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының және ҚНРДА төрағасының алғыс хаттарымен марапатталған.

Елдар Советұлы Әбдіразақов (1972)

"Сентрас Секьюритиз" АҚ; "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Коммекс-Өмір" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Сентрас Коммекс Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2004 жылдан бері "Сентрас Капитал" ЖШС Бас директоры қызметін атқарып келеді. Бұрын, 2004-2007 жылдары "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқарған, ал 2002-2004 жылдары "Казкоммерц-Секьюритиз" ААҚ-тың Бас директоры болған. Бұған дейін, 1998-2000 жылдары "Қазкоммерцбанк" ААҚ-та Инвестициялық банкинг департаментінің директоры және Басқарушы директор қызметін атқарды. Сондай-ақ қазіргі уақытта "Эйр Астана" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры және "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. ҚНРДА берген 1-ші және 3-санаттағы біліктілік куәліктері бар. 1995 жылы Қ.А. Ясауи

атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін халықаралық экономикалық қатынастар мамандығы бойынша үздік бітірді. 1996 жылы оған сол мамандық бойынша ғылым магистрі академиялық дәрежесі берілді. 2010 жылы Гарвард бизнес мектебінің (АҚШ) басшыларға арналған бағдарламасын сәтті аяқтады.

Есжан Амантайұлы Біртанов (1975)

"TANSAR CAPITAL" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

2022 жылдан бастап "TANSAR CAPITAL" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Бұған дейін, 2019-2022 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары болған. 2018-2019 жылдары "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Басқарушы директоры қызметін атқарды. 2015 жылдан 2017 жылға дейін "Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ басқарған, ал бұған дейін, 2015 жылы "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқарма төрағасы болған. 2014-2015 жылдары Ұлттық Банктің Жоспарлау және бюджет департаментін басқарған, ал 2012-2014 жылдары "Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" АҚ Басқарма төрағасы қызметін атқарған. Бұған дейін, 1998-2012 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жетекші дилер, дилингтік операциялар басқармасының бастығы және Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары қызметтерін қоса алғанда, түрлі лауазымдарды атқарған.

"Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл", "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" мерейтойлық медальдарымен, "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері" наградасымен марапатталған.

Асқар Раушанұлы Елемесов (1968)

2019 жылдан бастап "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Samanea Limited" АҚ және "SkyBridge Invest" АҚ Директорлар кеңестерінде тәуелсіз директор болды. Бұған дейін, 2019 жылдан 2024 жылға дейін, ТКРА (Талдамалы кредиттік рейтинг агенттігі) филиалын басқарған және "Bereke Bank" АҚ тәуелсіз директоры болған. 2014-2024 жылдары "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы" ЗТБ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. 2014-2016 жылдары "Атамекен" ҰКП Төралқасының Қаржы секторы комитетін басқарды және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазкоммерцбанк" АҚ, "Самұрық-Қазына" АҚ, "ҚазМұнайГаз" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ және т.б. қоса алғанда, бірқатар ірі қаржы және мемлекеттік институттардың Директорлар кеңестерінің құрамына кірді. 2006 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, ал

2004-2006 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Бұған дейін "Каспий Банкі" АҚ, "ТұранӘлем Банкі" АҚ және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ қоса алғанда, ірі банктерде басшылық позицияларды атқарды, сондай-ақ Deutsche Bank Securities Kazakhstan және «Тройка Диалог Казахстан» АҚ инвестициялық компанияларын басқарған. 2000-2003 және 2007 жылдары "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кірді. Мансабын халықаралық сауда-саттықта бастады, ал 1994-1996 жылдары "Қазкоммерцбанк" АҚ-та жұмыс істеді.

Израели Дорон (1981)

Жоғары бизнес мектебінің профессоры, Назарбаев Университеті

2017 жылдан бастап Назарбаев Университетінің Жоғары бизнес мектебінің профессоры, бухгалтерлік есеп пен эконометрика оқытушысы. 2013 жылдан бастап бухгалтерлік есеп, эконометрика және қаржы оқытуға маманданған Arison School of Business, IDC Herzliya профессорлық қызметін де атқарады. Бұған дейін, 2007-2009 жылдары Иерусалимдегі Израильдің бағалы қағаздар басқармасының (Israel Securities Authority) корпоративтік қаржы бөлімінде жұмыс істеген. Еңбек жолын 2004-2007 жылдары Тель-Авивтегі EY (Ernst & Young) компаниясының Кәсіптік практика департаментінде бастаған.

Ертай Исмаилұлы Сәлімов (1974)

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, "Қазкоммерцбанк Тәжікстан" ЖАҚ Бақылау кеңесінің төрағасы, "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Nalyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2015 жылдың ақпанынан бастап "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып келеді. 2018 жылғы тамыздан бастап "Қазкоммерцбанк Тәжікстан" ЖАҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы, ал 2019 жылғы тамыздан бастап "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Nalyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. Бұған дейін, 2016 жылдың ақпанынан 2018 жылдың мамырына дейін "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінде тәуелсіз директор, ал 2016 жылдың ақпанынан 2018 жылдың қыркүйегіне дейін "Nalyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болған.

Ян Виллемс (1975)

Clearstream Banking (Люксембург) Атқарушы директоры, Әлемдік нарықтар өнімдері бөлімінің басшысы.

2018 жылғы қазаннан бастап Clearstream Banking (Люксембург) компаниясында атқарушы директор және Әлемдік нарықтар өнімдері бөлімінің басшысы қызметін

атқарады. 2013-2018 жылдары осы компанияда нарықты дамыту бойынша вице-президент болды. 2001-2013 жылдар аралығында Clearstream Banking компаниясында Ресей, ТМД және Нидерланд үшін жауапты сату және байланыс бөлімшесін басқарды. Оның қаржы секторындағы мансабы Deutsche Bank, BISYS Fund Services (қазіргі Citi Bank Ireland Plc) және Euroclear Bank сияқты ірі ұйымдардағы жұмыстан басталды, онда ол клиенттерге қызмет көрсетумен және трансферттік агенттікпен байланысты негізгі лауазымдарды атқарды.

Директорлар кеңесінің дағдылары

Биржа Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесінің, дағдылары мен ой-өрісінің ең жақсы теңгеріміне ұмтылады. Мәселелерді талқылау кезінде әртүрлі көзқарастың болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын неғұрлым тиімді атқаруға және акционерлердің мүддесін білдіруге мүмкіндік береді. Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық пайым, корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент тәжірибесін қосады. Директорлардың көпшілігінің сыйақы мәселелерін қоса алғанда, банк секторы, тұтастай алғанда қаржы, адам ресурстарын басқару салаларында білімі бар.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сүйене отырып, Биржа Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға ықпал етеді және осы жөнінен шара қабылдайды, осыған байланысты 2024 жылы Биржа IoD Chartered Director – Diploma in Company Direction (Дипломды директор) бағдарламасының екінші кезеңі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерін және Биржаның тәуелсіз директорларын оқытуды, бүкіл әлем бойынша компанияларда директорлар кеңестерінің тәжірибесі мен үздік жұмыс тәжірибесін жинақтайтын Британдық директорлар институтының директорлар кеңесінің мүшелері үшін халықаралық сертификаттауды (IoD, UK) жалғастырды.

2024 жылы Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері және тәуелсіз директорлары – А.Р. Елемесов, Д. Израэли, А.В. Дронин IoD Chartered Director – Diploma in Company Direction (Дипломды директор) бағдарламасының екінші кезеңі бойынша оқытылды.

Директорлар кеңесінің қызметі

Биржаның Директорлар кеңесі және оның комитеттері өз жұмысын бір жылға арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді. Есепті кезеңде Биржаның Директорлар кеңесі Биржа қызметінің оның құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 15 отырысы және 24 сырттай дауыс беру өткізілді.

2024 жылғы 1 наурызда Биржаның Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен стратегиялық сессия өтті. Кездесу барысында ішкі процестерді де, сыртқы сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді де қамтитын дамудың перспективалық бағыттары қаралды. Сессияға қатысушылар негізгі басымдықтарды терең талқылады. Сессия қорытындысы бойынша Биржаның 2025-2027 жылдарға арналған жаңа стратегиясының негізін қалаған стратегиялық бағыттар айқындалды.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде Биржаның Корпоративтік басқару кодексінде, Биржаның Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Биржа қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Биржаның Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері мен комиссиялары жұмыс істейді:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау комитеті;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингілік комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 249 қаулысымен бекітілген Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Биржада:

- Листингілік комиссия;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті жұмыс істейді.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қаржы құралдарымен мәміле жасау процесінде туындайтын дау мен қақтығысты шешу тәртібіне сәйкес Дау мен қақтығысты шешу жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі комитеттерін және Биржа комиссияларын қалыптастыру және олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы

Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжаттары – Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидаға сәйкес регламенттеледі.

2024 жылы:

- Биржа Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 12 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 10 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 14 отырысы;
- Листинг комиссиясының 6 отырысы, сондай-ақ осы комиссияның 47 сырттай дауыс беруі;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттер аудиті жөніндегі комитетінің 6 отырысы өткізілді.

Биржа Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрамында сарапшы ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, ҚНРДА және инвестициялық компанияның өкілдері болды.

Іріктеу және тағайындау

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық процедуралар негізінде Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшесін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде, олардың Биржаның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Биржаның мүддесі үшін және барлық акционерге әділ көзқарас пен орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімі сақталуға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, дағдылары, білімі, біліктілігі, іскерлік және қаржылық ортада оң жетістіктері және мінсіз беделі болуға тиіс.

Мүдде қақтығысы

Биржаның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы қағидаға, Мүдде қақтығысын басқару саясатына, Кәсіби әдеп ережесіне,

Қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында туындайтын дау мен қақтығысты шешу тәртібіне сәйкес мүдде қақтығысына жол бермеу – акционерлер мен Биржаның, оның жұмыскерлерінің мүддесін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт. Барлық жұмыскер мүдде қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға не өздеріне (немесе өзімен байланысты адамдарға), не басқаларға қатысты жол бермейтіндей әрекет етуге тиіс. Биржаның бірде-бір лауазымды адамы өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына және сыйақыға байланысты шешім қабылдауға қатыспайды. Сонымен қатар мүдде қақтығысын болдырмау және реттеу мақсатында Биржаның лауазымды тұлғалары өздерінің мүддесі бар мәмілелер бойынша шешім қабылдауға қатыспайды. Бұл ретте әлеуетті контрагенттердің Биржамен үлестестігі және байланыстылығы жөнінен комплаенс қызметі жасалатын шарттарды тексереді.

KASE дивидендтік саясаты

2024 жылғы мамырда KASE акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен (2023 жылғы 10 ақпанда) қолданыстағы Дивидендтік саясатты ескере отырып, акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2023 жылдың нәтижелері бойынша дивиденд төлеуге 9 259 132,5 мың теңге бағыттау туралы шешім қабылданды. Бір жай акцияға (KZ1C00001213) төленетін дивиденд мөлшері 8 611,30 теңге болды. Биржаның таза пайдасы оның аудиттелген шоғырландырылған есептілігіне сәйкес 2023 жылы 18 518 265 мың теңге болды, оның 50%-ы акционерлердің шешімі бойынша дивиденд төлеуге, қалған 50%-ы Биржаны дамытуға бағытталды. 2024 жылы Биржаның негізгі инвестициялық және капиталды көп қажет ететін жобалары аяқталды, оның ішінде валюталық және мерзімді нарықты, сондай-ақ есеп айырысу қызметін Биржаның еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ-қа беру аяқталды, бұл алдағы жылдары да таза пайданы дивиденд төлеуге бағыттауға мүмкіндік береді.

Биржаның Басқармасы

Басқарма – Биржаның алқалы атқарушы органы, ол "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және Биржаның Жарғысы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE Басқармасы бес адамнан тұрды:

- А.Ө. Алдамберген, Басқарма төрағасы;
- Д.М. Аманжолова, Басқарма төрағасының орынбасары;

- Е.Б. Мәжекенов, Басқарма төрағасының орынбасары;
- Ж.Н. Саржақов, Басқарма төрағасының орынбасары;
- Е.М. Қуанышбеков, IT жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.

Алина Өтемісқызы Алдамберген (1973)

Өмірбаяны Биржаның "Директорлар кеңесі" бөлімінде орналастырылған.

Дана Мұратбекқызы Аманжолова (1980)

Қаржы секторында 23 жыл жұмыс тәжірибесі бар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен ҚРНДА-да 18 жыл еңбек етті. Өр жылдары Дана Аманжолова қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Стратегия және талдау департаментінде, Бағалы нарық субъектілерін қадағалау департаментінде басшы позицияларда қызмет атқарды.

Еңбек жолын Биржада 2019 жылы Листинг департаментін басқарудан бастады, 2021 жылы басқарушы директор, Ақпарат және статистика департаментінің директоры лауазымына ауыстырылды. 2023 жылдан бастап Дана Аманжолова KASE басқарушы директоры және Басқарма мүшесі болды, ал 2024 жылдан бастап Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

Қаржы саласындағы еңбек қызметі кезінде Дана Аманжолова бағалы қағаздар нарығын дамытуға бағытталған заңнамаға өзгеріс енгізу бойынша ұсыныс әзірлеуге белсенді қатысты, бағалы қағаздар нарығы субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қашықтан қадағалауды жүзеге асырды. Қаржы секторының 25 жылдығы мен 30 жылдығына орай "Теңгеге 20 жыл", "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" және "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл" мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Ермек Болатұлы Мәжекенов (1974)

2020 жылғы шілдеден қазіргі уақытқа дейін Биржаның Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 1999-2020 жылдары Сауда-саттықты ұйымдастыру бөлімінің бастығы, Сауда-саттық департаментінің директоры және KASE Басқарушы директоры – Сауда-саттық департаментінің директоры қызметтерін атқарды. 1995 жылдан 1998 жылға дейін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) маклері, Сауда-саттықты ұйымдастыру бөлімінің бастығы және Есеп айырысу палатасының төрағасы болып жұмыс істеді.

Көптеген наградаға ие болды, оның ішінде "Теңгеге 20 жыл" және "Үлес" мерейтойлық медальдары, "Еңбек сіңірген қаржыгер" атағы, қаржы секторының 25

жылдығы мен 30 жылдығына орай "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" және "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл" медальдары бар.

Жайнар Наурызбайұлы Саржақов (1977)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Басқарма төрағасының орынбасары.

Қазақстанның қаржы секторында көпжылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі қаржыгер.

Өзінің еңбек қызметі барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде басшы позицияларда қызмет атқарды. Ұлттық Банктің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының алтын-валюта активтері, сондай-ақ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) зейнетақы активтері үшін инвестициялық стратегия әзірлеуге және енгізуге елеулі үлес қосты. Оның жұмысы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және активтерді тиімді басқаруға бағытталды.

2021 жылғы сәуірден бері Биржаның Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады, онда Қазақстанның қаржы нарығын стратегиялық жоспарлау және дамыту үшін өзінің білімі мен тәжірибесін қолдануды жалғастырады. "Теңгеге 20 жыл", "Қазақстан Конституциясына 20 жыл", "Теңгеге 30 жыл" мерейтойлық медальдарымен, сондай-ақ Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Еңбегі үшін" медалімен марапатталған.

Елдос Маратұлы Қуанышбеков (1989)

Қазақстанның қаржы секторында табысты жұмыс тәжірибесі мол кәсіби IT-маман. 2024 жылдан бері Биржа Басқармасының мүшесі, IT бағытының стратегиялық дамуына жауап береді.

Еңбек жолын коммерциялық IT-компанияларда бастады, әр жылдары жобалардың жетекшісі, бизнес-аналитик, клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер болды. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ және "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ сияқты құрылымдарды қоса алғанда, квазимемлекеттік секторда алты жыл бойы жұмыс істеді, онда цифрландыруға, IT стратегиясын дамытуға, IT секторын пайдалануға және дамытуға жауапты болды. 2023 жылғы тамызда KASE IT жөніндегі Басқарушы директор лауазымына тағайындалғанға дейін төрт жыл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында жұмыс істеді, онда ол "ҚҰБ Банктік сервис бюросы" АҚ-тың стратегиялық дамуына және цифрлық трансформациясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген Қаржы нарығында қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдама шеңберінде бірқатар IT жобаның орындалуына жауапты болды. Кейіннен "ҚРҰБ Төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы" АҚ-

та Басқарма төрағасының орынбасары және Басқарма төрағасы лауазымдарын атқарды, Цифрлық теңгені енгізу, сондай-ақ Цифрлық теңгенің өнеркәсіптік прототипін енгізу тұжырымдамасын әзірлеуді жүзеге асырды.

Сыйақы туралы ақпарат

Биржаның Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы төлеу және олардың шығысын өтеу олармен жасалатын шарттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Биржаның тиісті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін Акционерлердің жалпы жиналысы және Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесі белгілейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржаның Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Биржа акционерлерінің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес белгіленеді;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлықақысының мөлшері сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айы үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85%-ынан аспауға тиіс;
- жылдық сыйлықақы есепті қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын Клиринг орталығының өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50%-ынан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

2024 жылдың 01 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне 61 008 525,00 (алпыс бір миллион сегіз мың бес жүз жиырма бес) теңге 00 тиын төленді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын тұлға болып табылатын Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

- "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84-бабы 4-тармағының және Биржа Жарғысының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасының

негізінде Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және ҚНРДА өкілдеріне;

– Биржа Жарғысының 17-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Биржа Басқармасының төрағасына сыйақы белгіленбейді және төленбейді.

Биржа Басқармасы мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржаның Жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

– Басқарма мүшесінің лауазымдық айлықақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;

– Басқарма мен Биржаның есепті жылдағы қызметінің нәтижесін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің есептік жылдағы жылдық сыйлықақылық сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;

– Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақылық сыйақысының мөлшері есепті жыл ішіндегі Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижесі бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;

– Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне төленетін біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2024 жылдың 01 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Биржа Басқармасының мүшелеріне 327 023 451,38 (үш жүз жиырма жеті миллион жиырма үш мың төрт жүз елу бір) теңге 38 тиын төленді.

Клиринг орталығында функцияларды акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқарма арасында бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына және КАСС Жарғысына сәйкес жүргізілді.

Клиринг орталығының құрылымы



2024 жылғы 31 желтоқсанда Клиринг орталығының жарияланған жай акцияларының жалпы саны төрт жүз мыңды құрады, оның ішінде 55 жай акция орналастырылды. Клиринг орталығының жалғыз акционері – "Қазақстан қор биржасы" АҚ.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы – Клиринг орталығының жоғары басқару органы. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Клиринг орталығының Жарғысында анықталған.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері: 38%.

Директорлар кеңесінің құрамындағы әйелдердің үлесі: 38%.

Директорлар кеңесі – Клиринг орталығының басқару органы және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Клиринг орталығының Жарғысымен Клиринг орталығының жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының қызметіне жалпы басшылық жасайды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

- Алина Өтемісқызы Алдамберген (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Биржа Басқармасының төрағасы, жалғыз акционердің өкілі;
- Шолпан Рахманқұлқызы Айнабаева (Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры);

- Қадыржан Қабдошұлы Дамитов (Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры);
- Жайнар Наурызбайұлы Саржақов – Биржа Басқармасы төрағасының орынбасары, жалғыз акционердің өкілі;
- Ертай Исмаилұлы Сәлімов (Директорлар кеңесінің мүшесі);
- Иван Вячеславович Сердюк (Директорлар кеңесінің мүшесі);
- Мирлан Жапарбекұлы Ташметов (Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры);
- Наталья Юрьевна Хорошевская (Директорлар кеңесінің мүшесі).

Алина Алдамберген (1973)

Өмірбаяны Биржаның "Директорлар кеңесі" бөлімінде орналастырылған.

Шолпан Айнабаева (1969)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

Биржалық трейдерден ірі брокерлік компаниялардың басшысына дейін 30 жылдан астам уақыт қор нарығында жұмыс істеді. Оның мансабы Қазақстанның қаржы секторын дамытудағы елеулі кезеңдерді қамтиды.

2024 жылғы 01 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін "SkyBridge Invest" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады.

2013 жылдан 2024 жылдың 01 қарашасына дейін 2003 жылы құрылған "SkyBridge Invest" АҚ Басқарма төрағасы қызметін атқарды. "SkyBridge Invest" АҚ инвестициялық пай қорларын құрған Қазақстандағы алғашқы басқарушы компания болды, бұл елдің инвестициялық нарығын дамытудағы маңызды қадам болды.

Бизнес-процестерді цифрландыру жағдайында брокерлік бизнестегі үрдістерді белсенді қадағалай отырып, брокерлік қызметтегі жетекші сарапшы болып табылады.

"Еңбек сіңірген қаржыгер" қоғамдық орденімен, "Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл", "Теңгеге 30 жыл", "Астана 20 жыл" мерейтойлық медальдарымен, сондай-ақ Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Үлес" медалімен марапатталған.

Қадыржан Дамитов (1959)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

Белгілі қаржыгер, экономика ғылымдарының кандидаты. Өр жылдары қазақстандық қаржы ұйымдарында басшылық қызметте болды. Қаржы саласындағы танылған сарапшы. Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының Консультативтік кеңесінің мүшесі.

1994 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Одан әрі ҚР Экономика және сауда вице-министрі, ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі, ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болды. Мемлекеттік қызметін аяқтағаннан кейін банк және қаржы секторларында, еліміздің ірі банктері мен қаржы құрылымдарында, сондай-ақ квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарда қызметін жалғастырды. 2004-2007 жылдары Өскемен титан-магний комбинатының Директорлар кеңесінің мүшесі болды. 2009-2013 жылдары "Қазақстан қор биржасы" АҚ Президенті қызметін атқарды. 2017-2021 жылдары "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінде тәуелсіз директор болды. Өзінің елеулі жетістіктері үшін жоғары мемлекеттік наградалар – 2001 жылы "Ерен Еңбегі үшін" медалімен және 2011 жылы "Парасат" орденімен марапатталған.

Ертай Сәлімов (1974)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

1995 жылдың тамызында өз мансабын Қазақстан Республикасының Халық банкінде бастады. Еңбек жолында жоғары кәсібилік пен көшбасшылық қасиеттерін көрсете отырып, түрлі негізгі лауазымдарды атқарды.

2015 жылдан бері Халық Банк Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып келеді.

2016 жылғы ақпанда тәуелсіз директор ретінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, сонымен қатар "Halyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Қаржылық басқару мен инвестицияларда айтарлықтай тәжірибесі бар, бұл оның негізгі банктік және қаржылық операцияларды дамытуға қосқан көп жылдық үлесімен расталады.

Үздік қаржыгер ретінде "Теңгеге 20 жыл" мерейтойлық медалімен, сондай-ақ Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Еңбек сіңірген қаржыгер" орденімен марапатталған.

Жайнар Саржақов (1977)

Өмірбаяны Биржаның "Басқарма" бөлімінде орналастырылған.

Иван Сердюк (1985)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2007 жылдан бастап 2024 жылғы шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде монетарлық саясат және резервтерді басқару мәселелерімен айналысып жұмыс істеді.

2021 жылдан бастап "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-та Стратегия жөніндегі комитеттің мүшесі қызметін атқарады.

Қаржы және басқару саласында терең білімі бар, бұл оның көпжылдық жұмыс тәжірибесінде және мемлекет пен қаржы секторына сіңірген еңбегі үшін елеулі наградаларда көрініс табады.

"Ерен еңбегі үшін", "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл", "Теңгеге 20 жыл" медальдарымен, сондай-ақ "ҚРҰБ еңбек сіңірген жұмыскері" төсбелгісімен марапатталған.

Мирлан Ташметов (1975)

"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.

Өз мансабын Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде бастады, онда қаржы нарығын реттеу мен қадағалауда мол тәжірибе жинады. Кейіннен оның кәсіби жолы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау агенттігінде (ҚҚА), сондай-ақ Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде жалғасты.

2007 жылдан 2011 жылға дейін "Сентрас Секьюритиз" АҚ-та басшылық лауазымдарды қоса алғанда, қаржы секторында негізгі позицияларды атқарды, онда басқарушы директор және Сауда-саттық операциялары департаментінің, содан кейін Активтерді басқару департаментінің директоры болды. 2012 жылы "Отан" АЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, ал 2014 жылғы мамырда "Qazaq Banki" АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды, онда 2016 жылғы наурызға дейін жұмыс істеді.

2011-2012 жылдар аралығында "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ-та Басқарма төрағасының инвестициялық саясат жөніндегі кеңесшісі болып жұмыс істеді.

Наталья Хорошевская (1973)

"KASE клиринг орталығы" АҚ (КАСС) Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстандық қор нарығында 30 жылдық жұмыс тәжірибесі бар және биржа нарығының, оның ішінде ESG қағидаттарын енгізу, орнықты даму туралы ақпаратты ашып көрсету, жауапты инвестициялау мәселелері бойынша сарапшы болып табылады.

"Құрмет" орденімен, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Еңбек сіңірген қаржыгер" қоғамдық орденімен, теңгенің 20 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Үлес" және "Еңбегі үшін" медальдарымен, сондай-ақ ҚНРДА төрағасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының Алғыс хаттарымен марапатталған.

2024 жылы Директорлар кеңесінің отырысы тұрақты түрде күндізгі және сырттай форматта өткізілді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі Клиринг орталығы қызметінің өз құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 16 отырысы және 8 сырттай дауыс беру өткізілді.

Директорлар кеңесі (2024 жылдың 12 ақпанындағы № 2 отырыс хаттамасы):

1. Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті құрылды.
2. Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің атауы Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті болып өзгертілді.

Осылайша, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Клиринг орталығында Директорлар кеңесіне ұсыным дайындау үшін Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері құрылып, жұмыс істейді:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті (сандық құрамы – 7 адам);
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті (сандық құрамы – 3 адам);
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті (сандық құрамы – 3 адам).

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі комитеттері мен комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2024 жылы:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 11 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 11 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 7 отырысы өткізілді.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде Клиринг орталығының Корпоративтік басқару кодексінде, Клиринг орталығының Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Клиринг орталығы қызметінің оң нәтижесіне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

Клиринг орталығының Басқармасы

Басқарма Клиринг орталығының алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Клиринг орталығының Жарғысымен Клиринг орталығының акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылық жасайды.

2024 жылдың 31 қаңтарындағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

- Н.Ю. Хорошевская, Басқарма төрағасы;
- А.В. Ли, Басқарма төрағасының орынбасары;
- И.М. Сабитов, Басқарма төрағасының орынбасары;
- Е.В. Студенина, Басқарма төрағасының орынбасары.

Наталья Хорошевская (1973)

Өмірбаяны Клиринг орталығының "Директорлар кеңесі" бөлімінде орналастырылған.

Алла Ли (1982)

Клиринг орталығы Басқарма төрағасының орынбасары

2024 жылдың қаңтарында Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Өзінің еңбек жолында әр жылдары "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ, "Qazaq Banki" АҚ және "Қазақстан қор биржасы" АҚ жетекші және басты позицияларын қоса алғанда, стратегиялық жоспарлау, тәуекелді басқару, қаржылық талдау және әдіснама саласында бірқатар басшы және сарапшы лауазымда болды. Биржада бас маманнан Клирингілік палатаның директорына дейінгі еңбек жолынан өтіп, тәуекелді басқару және орталық контрагенттің қызметі мәселелеріне жетекшілік етті.

Идель Сабитов (1967)

2023 жылғы тамызда Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалған.

Еңбек жолындағы әр жылдары жетекші экономист, сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бөлімінің бастығы, бағдарламалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының кеңесшісі сияқты лауазымдарды атқарды.

Елена Студенина (1969)

2023 жылғы сәуірде Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Өзінің еңбек жолындағы әртүрлі жылда инженер, жетекші экономист, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздар депозитарийі бөлімінің бастығы, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ депозитарлық қызмет бөлімінің бастығы, Вице-Президенті, әдіснамалық бөлімшесінің бастығы, Президент, әдіснама бөлімінің бастығы, Басқарма төрағасының кеңесшісі, басқарушы директоры, Astana International Exchange пост-сауда бөлімінің бастығы, "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі сияқты лауазымдарды атқарды.

Сыйақы туралы ақпарат

Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы төлеу және шығысын өтеу олармен жасалатын шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Клиринг орталығының тиісті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері Клиринг орталығының жалғыз акционерінің және Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Клиринг орталығының Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлықақылық сыйақысының мөлшері сыйлықақы төленетін жылдың барлық айы үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85%-ынан аспауға тиіс;
- жылдық сыйлықақылық сыйақы есепті қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын Клиринг орталығының өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50%-ынан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

2024 жылдың 01 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелеріне 31 105 947,61 (отыз бір миллион бір жүз бес мың тоғыз жүз қырық жеті теңге алпыс бір тиын) теңге төленді.

Клиринг орталығының Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Клиринг орталығының Жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық айлықақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- есепті жылдағы Басқарма мен Клиринг орталығы қызметінің нәтижесін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі есепті жылдағы Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақылық сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы және оны Басқарма мүшелеріне төлеу туралы шешім қабылдайды;
- Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақылық сыйақы беру мөлшері, тәртібі мен шарттары есептік жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижесі бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне төленетін біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2024 жылдың 01 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Клиринг орталығы Басқармасының мүшелеріне 199 921 655,56 (жүз тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз жиырма бір мың алты жүз елу бес теңге елу алты тиын) теңге төленді.

Орнықты даму күн тәртібін басқару

Орнықты даму мәселелерін басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында және KASE тобының ішкі құжаттарында белгіленген құзыреттерге сәйкес KASE тобына кіретін ұйымдардың басқару органдары, атқарушы органдары, атқарушы органдардың бірінші басшылары жүзеге асырады. Орнықты дамуды басқару жалпы даму стратегиясын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады, оның ажырамас бөлігі болып табылады және KASE тобының миссиясы мен стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған. KASE тобына кіретін ұйымдардың Директорлар кеңесі орнықты даму қағидаттарының ықпалдасуын және KASE тобының қызметіне ESG-практикалардың енгізілуін қадағалауды орнықты даму саясатын және KASE тобының орнықты даму аспектілеріне байланысты басқа да құжаттарын бекіту жолымен жүзеге асырады.

KASE тобына кіретін ұйымдардың басқармасы KASE тобына кіретін ұйымдардың орнықты дамуының жалпы күн тәртібін қалыптастырады және оның орындалуына жауап береді. Басқарма орнықты даму бағыттары бойынша істің жай-күйі және міндеттердің орындалуы туралы Директорлар кеңесіне ұдайы баяндайды. KASE тобына кіретін ұйымдардың басқармасы KASE тобының орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асыруды көздейтін жұмыс жоспарын және KASE тобының орнықты даму аспектілері жөніндегі нысаналы көрсеткіштерін бекітеді.

KASE тобына кіретін ұйымдардың басқармаларының төрағалары орнықты даму саласындағы қызметке басшылық жасайды және орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және іске асыруға жауапты лауазымды адамға басқаруды бере алады. Биржада мұндай функцияны орнықты даму мәселелерін үйлестіретін және KASE тобы шеңберінде ESG-бастамаларды іске асыруды қамтамасыз ететін ESG офицері орындайды.

2024 жылы орнықты даму жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобы құрылды. Орнықты даму жөніндегі жұмыс тобының міндеттері:

- 1) KASE тобының орнықты дамуының негізгі бағыттары бойынша KASE тобының жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын және оларды іске асыру көрсеткіштерін әзірлеу;
- 2) орнықты дамудың жекелеген аспектісі бойынша KASE тобына кіретін ұйымдар тиімділігінің нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;
- 3) KASE тобының орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі KASE тобының іс-қимылын үйлестіру;

- 4) KASE тобына кіретін ұйымдардың басқару органдарына KASE тобының орнықты даму бағыттары бойынша істің жай-күйі мен міндеттердің орындалуы, KASE тобының орнықты дамуының қолданылатын аспектілері бойынша тиімділіктің нысаналы көрсеткіштерін орындау жөніндегі прогресті бағалау туралы тұрақты есептерді ұсыну.

Сонымен қатар 2024 жылы KASE тобының 2024-2027 жылдарға арналған орнықты дамуының Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Жол картасы KASE тобына кіретін ұйымдардың ESG-бейінін дамыту жөніндегі, нарыққа қатысушылар арасында орнықты даму күн тәртібін ілгерілету жөніндегі іс-шараларды, климаттың өзгеруіне қарсы күресті қолдауға бағытталған халықаралық бастамалар мен іс-шараларға тартуды қамтиды.

KASE тобының тәуекелді басқару жүйесі

KASE тобында тәуекелді басқарудың бірыңғай интеграцияланған жүйесі құрылған, бұл ретте Топ компанияларының әрқайсысына тәуекелдің ерекше түрлері тән. Тәуекелді басқару – KASE тобының барлық елеулі тәуекелін анықтауға, бағалауға және оларға мониторинг жүргізуге, сондай-ақ тәуекел деңгейін төмендету жөнінен шара қабылдауға бағытталған KASE және KACC қызметінің ажырамас бөлігі.

Халықаралық тәуекелді басқару стандарттарына сәйкес KASE тобының тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесі қорғаудың үш желісіне негізделеді:

- 1) бірінші қорғау желісі: KASE/KACC барлық бөлімшесі мен жұмыскері;
- 2) екінші қорғау желісі: комплаенс бөлімшесі, заң бөлімшесі, тәуекелді басқару бөлімшесі, қадағалау бөлімшесі, қаржы мониторингі бөлімі;
- 3) үшінші қорғау желісі: ішкі аудит бөлімшесі.

Тәуекелді басқару процесінде тәуекелді басқару жүйесінің барлық қатысушысы – қорғаудың үш желісі, комитеттер, атқарушы органдар және Биржа мен KACC басқару органдары арасында өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

KASE мен KACC-тағы тәуекелді басқару жүйесінің құрылымы мынадай органдар мен бөлімшелерді: Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, комплаенс бөлімшесін, заң бөлімшесін, Ішкі аудит қызметін, тәуекелдің иелері – құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, бірнеше деңгейде тәуекелді басқарудан тұрады.

Тәуекелді басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру KASE тобына ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақытылы ден қоюға, қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

KASE мен KACC-та тәуекелді басқару – бұл тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс. Есепті кезеңде KASE тобында тәуекелді басқару бойынша мынадай жұмыс жүргізілді:

- KASE тобы үшін бірыңғай Тәуекелді басқару және ішкі бақылау саясаты әзірленді, KASE тобының өзара іс-қимыл, ақпарат алмасу және басқарушылық есептілікті қалыптастыру процедураларын ресімдеу бойынша жұмыс жүргізіледі, тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша процедуралар енгізіледі;
- Биржаның ішкі құжаттары мен процедураларына негізделген KACC тәуекелдерін басқару жүйесі саласындағы ішкі құжаттар әзірленді;
- Биржаның тәуекелді басқару жүйесінің ISO 31000:2018 халықаралық стандартының ұсынымдарына сәйкестігіне өзіндік бағалау жүргізілді, бұл ретте стандартты имплементациялау бүкіл KASE тобы бойынша жүзеге асырылатын болады; KASE және KACC тәуелсіз сертификаттық аудиттен өтті және ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарын алды. ISO 9001:2015 сертификаттау сапа саласындағы халықаралық стандартқа сәйкес KASE тобының бизнес-процестерін басқаруды және қызметін жүзеге асыруды растайды. ISO/IEC 27001:2022 сертификаты KASE тобының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін растайды.
- KACC британдық Thomas Murray консалтингтік агенттігінен "позитивті" болжаммен "A+" деңгейінде операциялық рейтинг алды. Рейтингтік бағалау тәуекелдің негізгі құрауыштарын талдауға негізделеді және орталық контрагенттің клиенттерге операциялық қызмет көрсету шеңберінде өз міндеттемелерін орындау қабілеті туралы сараптамалық пікірін көрсетеді.
- тәуекелді сәйкестендіру және бағалаудың жыл сайынғы процедурасы шеңберінде KASE тобының қызметіне тән тәуекел деңгейлері қайта қаралды, KASE және KACC тәуекелдер тіркелімдері мен карталары қалыптастырылды. Тәуекелді сәйкестендіру өткен кезең тұрғысынан да, болашақ ықтимал оқиғалар тұрғысынан да, сондай-ақ бизнес-процестерді, макроэкономикалық және саяси жағдайды жан-жақты талдау негізінде жүргізілді. Environment Social және Governance факторы бойынша ESG-тәуекелдер, сондай-ақ елдегі және әлемдегі ағымдағы саяси ахуалға байланысты жаңа тәуекелдер

сәйкестендірілді және бағаланды. 2025 жылға арналған тәуекелдер көрсеткіштерінің максималды рұқсат етілген мәндері әрбір ұйым және жалпы KASE тобы бойынша бекітілді.

2024 жылы KASE тобы жұмыскерлерінің тәуекел мәдениетін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шара өткізілді. Жұмысқа қабылдаған кезде жаңа жұмыскерлер KASE тобының тәуекелді басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаттарымен танысады. KASE тобы тәуекелді басқару бөлімшесі жұмыскерлерінің кәсіби құзыреттерін дамыту шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес оқудан тұрақты түрде өтеді. 2024 жылы ISO 31000 (тәуекелді басқару) және ISO 22301 (бизнестің үздіксіздігін басқару) стандарттары бойынша 3 мамандандырылған тренинг өтті. Тәуекелді басқару бөлімшесі жыл сайын Биржа және KACC жұмыскерлері үшін тәуекелді басқару жүйесі (тәуекелді сәйкестендіру, бағалау және мониторинг жүргізу әдіснамасы) және қызметтің үздіксіздігін басқару (бизнес-процестерді талдау, тәуекелді бағалау, дағдарысты жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар алгоритмдері) бойынша тренингтер өткізеді. Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыру бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде әрбір жұмыскердің тәуекелді басқару жүйесіне қатыстылығын түсінудің неғұрлым жоғары дәрежесі, оның ішінде адам факторына байланысты инциденттердің төмендеуі байқалады.

Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асырған кезде KASE тобы ұйымдарының нарықтық тәуекелдерін тиімді басқару үшін Биржаның/Клиринг орталығының Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган – Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Комитеттің функцияларына қаржы құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мәндерін бекіту, биржалық нарықтарда клирингілік қатысушыларға жеке лимиттер мен шектеулер белгілеу және қолдану бойынша Биржа Басқармасына ұсынымдар дайындау, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар кіреді.

Автоматты режимде клиринг ұйымының (орталық контрагенттің) нарықтық тәуекелдеріне мониторинг жүргізуді және бақылауды жүзеге асыратын KASE тобында енгізілген тәуекелді басқару жүйесі Биржада сатылатын қаржы құралдарының құбылмалылығының өзгеруіне уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Комплаенс-тәуекелді басқару KASE тобының тұрақтылығын, беделі мен тиімділігін қамтамасыз ете отырып, оның қызметінде маңызды рөл атқарады. Жаһандық санкциялар, экономикалық дағдарыстар және реттеудегі өзгерістер Қазақстанның

қаржы нарығы үшін уақытылы бейімделуді және жүйелі шешімдерді талап ететін қосымша сын-қатерлер туғызады. Комплаенс бойынша кешенді тәсіл KASE тобына сыртқы факторлардың әсерін барынша азайтуға, нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге және іскерлік ортаның өзгеруіне уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Комплаенс-тәуекелді тиімді басқару үшін KASE тобында операциялық процестерге интеграцияланған "қорғаудың үш желісі" моделі бойынша комплаенс тәуекелді басқарудың кешенді жүйесі енгізілді. Бұл нормативтік талаптардың сақталуын жан-жақты бақылауды қамтамасыз етуге, бұзушылықтар тәуекелін төмендетуге және қызметтің ашықтық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

KASE тобының компанияларында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттары мен негізгі бағыттарын анықтайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірленіп, бекітілді. Аталған құжаттар сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және салдарын барынша азайтуға бағытталған, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен мінез-құлық стандарттарын белгілейді.

KASE тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша лауазымды тұлғалардың, жұмыскерлердің, контрагенттердің хабардарлығын арттыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен практикасын енгізеді және қолдайды. KASE тобы сатып алу қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді және сатып алуды өткізу басталғанға дейін барлық қатысушы үшін бірыңғай ережелер мен тең бәсекелестік жағдайларды белгілеу жолымен сатып алуға тең қолжетімділікті іске асырады. Сонымен қатар мүдде қақтығысынан тыс айқын, уақытылы және негізделген шешім қабылдау қағидатын іске асыру қамтамасыз етіледі.

Бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес 2024 жылы KASE тобының комплаенс-қызметтері (бұдан әрі – Қызмет) KASE тобы қызметінің негізгі бағыттарында комплаенс-тәуекелді анықтауға, бағалауға және азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараны іске асырды. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және санкциялық комплаенсті жетілдіру және ішкі комплаенс-бақылауды күшейту бойынша жұмыс жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен санкциялық шектеулерді сақтауды қоса алғанда, комплаенс-тәуекелді басқаруды реттейтін ішкі құжаттар әзірленіп, өзекті етілді.

Қызмет Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін енгізуді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үздік халықаралық тәжірибелерді қолдануды қамтамасыз ете отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайды.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс шеңберінде:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жаңартылған саясат пен нұсқаулық бекітілді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді;
- клиенттер мен қарсы агенттердің шағымдарын (өтініштерін) беру және қарау арналары, оның ішінде "жедел желі" жұмыс істеді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды.

Жыл бойы Қызмет төмендегіге бағытталған жоспарлы комплаенс-тексеру жүргізді:

- жекелеген құрылымдық бөлімшенің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашып көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

Тексеру нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын елеулі бұзушылық, сондай-ақ жекелеген құрылымдық бөлімшенің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жоқ. Жауапты бөлімшелерге ішкі процедураларды жетілдіру жөнінен ұсынымдар берілді.

2024 жылы санкциялық шектеулер жаһандық қаржы нарығына әсер етуін жалғастырды. Санкциялық режимдердің кеңеюіне байланысты АҚШ, ЕО және Ұлыбритания тарапынан Ресей Федерациясының субъектілеріне қатысты олардың KASE тобының қызметіне ықтимал әсеріне талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде мониторингтің ішкі процедуралары пысықталды, халықаралық экономикалық санкциялар режимін сақтау жөнінен ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша Биржа клиенті Сауалнамасының және оның сақталуы туралы куәландыру хатының жаңа нысандары әзірленді. Сонымен қатар Биржа мүшелеріне, листингілік

компанияларға және клирингтік қатысушыларға бақылауды күшейтуді қоса алғанда, санкциялық тәуекелді төмендету жөнінен шара қабылданды.

Қызмет қолданылатын санкциялық заңнама талаптарының сақталуына қатаң бақылауды, оның өзгерістеріне жедел ден қоюды және сыртқы сын-қатерлерге тиімді бейімделуді қамтамасыз ете отырып, шетелдік реттеушілермен және жетекші халықаралық заң консультанттарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Комплаенс-мәдениет деңгейін арттыру үшін 2024 жылы KASE тобының жұмыскерлері үшін комплаенс-тәуекелді басқару, халықаралық санкциялық талаптарды сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бес бірлескен оқыту іс-шарасы өткізілді.

Қызмет жұмыскерлері өздерінің кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады, Комплаенс және іскерлік этика қауымдастығының мүшелері болып табылады. Есептік кезеңде Қызмет жұмыскерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және санкциялық тәуекелді басқару саласында сертификат алған. Қызмет өкілдері АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасымен және Ұлыбритания СІМ-мен аталған елдердің санкциялық заңнамасын қолдану мәселелеріне арналған кездесулерге қатысты.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың қолданыстағы жүйесі KASE тобына тұрақтылықты сақтауға, қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге және халықаралық стандарттарға сәйкес келуге көмектеседі. Реттеушілік талаптарды қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шараларды енгізу және санкциялық тәуекелді барынша азайту құқықтық салдар мен активтердің жоғалуын болдырмауға, әріптестердің сенімін нығайтуға және іскерлік беделін сақтауға ықпал етеді.

КЛИМАТТЫҚ КҮН ТӘРТІБІНЕ ҮЛЕС ҚОСУ

KASE тобы Қазақстан Республикасының Париж келісіміне қатысу шеңберінде қабылданған көміртегі бейтараптығы туралы міндеттемелерді орындауына жәрдемдесуге ұмтылады. KASE тобының күш-жігері меншікті көміртегі ізін қысқарту, көміртегі бірліктері нарығын дамыту үшін іс-шараларды жүзеге асыру, Биржаның листингілік компаниялардың климаттық жобаларына салынатын инвестиция көлемін кеңейту жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған.

2024 жылы Биржа әлемдік экономиканы парниктік газдардың нөлдік шығарындысына көшіруге ұмтылатын әлемдегі ең ірі қаржы мекемелері коалициясы – Glasgow Financial Alliance for Net Zero (бұдан әрі – GFANZ) қаржы альянсына қосылды. GFANZ 2021 жылдың сәуірінде COP26-да көміртексіз жаһандық экономикаға көшуді жеделдету үшін қаржы жүйесінің барлық секторының күш-жігерін үйлестіру мақсатында іске қосылды. Басқа 20 жаһандық биржаға қосылғаннан кейін Биржа Net Zero Financial Services Providers Alliance-тың бір бөлігіне айналды, бұл туралы Бакудегі COP29-да SSE іс-шарасы шеңберінде жарияланды.

NZFSPA альянсына қосылу нәтижесінде Биржада көміртегі бейтараптығы қағидаттарын өз қызметіне кіріктіру бойынша міндеттеме туындайды. Осының аясында Биржа өз қызметтері мен өнімдерін Париж келісімінің мақсаттарына сәйкестендіреді, климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару бойынша ішкі сараптаманы құрады, сондай-ақ 2030 жылға дейін CO₂ шығарындысын қысқарту бойынша аралық мақсаттарды белгілейді. Сонымен қатар операциялық шығарындыны төмендету жоспары әзірленеді және мүдделі негізгі тараптармен өзара іс-қимыл қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге Биржаға нарыққа қатысушылар үшін климаттық ақпаратты ашып көрсету жөніндегі нұсқаулық әзірлеу ұсынылды. Аталған жоспарларды іске асыру бойынша алғашқы қадам парниктік газдар шығарындысын есептеудің ішкі әдіснамасын әзірлеу болды.

GFANZ сияқты халықаралық бастамаларға белсенді қатысу Биржаға тұрақты қаржы құралдарын дамытуға және экономиканың көміртегі бейтараптығына көшуін қолдауға үлес қосуға мүмкіндік береді.

2024 жылғы 26 қарашада Дүниежүзілік Биржалар Федерациясының жаһандық бастамасы шеңберінде Биржа алаңында "Ring the Bell for Climate 2024" саудасаттығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шара климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі жаһандық бастамаларды қолдауға арналды және тұрақты болашақ құру үшін бизнестің, инвесторлардың және мемлекеттік құрылымдардың күш-жігерін біріктіруге арналған. Іс-шара шеңберінде "Carbon Markets: A Tool in the Climate

Transition" тақырыбында пікірталас өткізілді, оның барысында тиімді климаттық трансформациядағы көміртегі нарықтарының рөлі талқыланды.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

KASE тобының компаниялары атмосфераға ластаушы заттардың шығарындысы тұрғысынан елеусіз экологиялық әсер етеді, өйткені Биржа мен Клиринг орталығының қызметі елеулі шығарындыларға әкелуі мүмкін өндірістік процестермен байланысты емес. Бұл ретте KASE тобы тұтыну мен өндірістің ұтымды моделін енгізуге, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану жөнінен шара қабылдау жолымен олардың көлемін азайтуға ұмтыла отырып, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті бөліседі.

Биржаның тұтынатын негізгі ресурстары – электр энергиясы, жылу энергиясы, қағаз өнімдері және су. 2021 жылы Биржа "Жасыл кеңсе" бағдарламасын енгізді, ол ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және жалпы қабылданған үш R қағидаттарына негізделген бірқатар техникалық және уәждемелік-білім беру іс-шарасын қамтиды:

- Reduction – энергияны, суды, электрді және басқаларды ақылға қонымды тұтыну;
- Refinement – кеңсе материалдарын, қағаздарды және басқа да шығыс материалдарын қайталап пайдалану;
- Replacement – қоршаған ортаға әсерін барынша азайтатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экологиялық жауапты сатып алу және иелену, көлікті баламалы және/немесе тиімді пайдалануды насихаттау.

Биржа "Жасыл кеңсе" бағдарламасын іске асыру мақсатында Биржа жұмыскелерінің қатарынан экоактивистер штабын – KASE GREEN құрды. Биржада қалдықты бөлек жинау үрдісі енгізілген. 2024 жылы 273,2 кг жуық макулатура (2023: 131 кг, 2022:163 кг, 2021:96 кг), 250 кг астам шыны (2023: 109 кг, 2022:33 кг, 2021:24 кг) және 126 кг пластик (2023: 48 кг, 2022:28 кг, 2021:24 кг) жиналды және "Жасыл кеңсе" бағдарламасы шеңберінде Биржаның серіктесі болып табылатын "ECO Network" ЖШС-ға қайта өңдеуге берілді.

Энергия мен отынды тұтыну, 2024 жыл

№	Энергия/отын түрі	Жыл ішінде тұтынудың нақты саны	Өлшем бірлігі
1	Электр энергиясы	587 971	кВт/сағ

2	Жылу энергиясы	120 541	ГКалл
3	Бензин	19 397	литр

ПЕРСОНАЛҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ АДАМ КАПИТАЛЫ

Негізгі көрсеткіштер:

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

- 1) Биржа жұмыскерлерінің саны – 245 адам*
- 2) Биржа жұмыскерлері санындағы әйелдердің үлесі – 51,0%*
- 3) Биржа кадрларының тұрақтамауы – 41%*
- 4) Биржа жұмыскерлерінің орташа жасы – 38 жас*

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

- 1) КАСС жұмыскерлерінің саны – 59 адам*
- 2) КАСС жұмыскерлері санындағы әйелдердің үлесі – 66,0%*
- 3) КАСС кадрларының тұрақтамауы – 18%*
- 4) КАСС жұмыскерлерінің орташа жасы – 40,5 жас*

Персоналды басқарудың жалпы тәсілі

KASE тобының қызметі адам құқығы саласында қолданылатын заңнамаға сәйкес келеді. KASE тобы БҰҰ адам құқығы аспектісінде Кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарында жазылған адам құқығын қорғау және сақтау қағидаттарына сәйкес келуге ұмтылады.

Персоналды басқарудың негізгі тәсілдері Персоналды басқару саясатымен анықталады және мыналарды қамтиды:

- 1) персоналды басқару жүйесінің кешенділігі мен тұтастығы;
- 2) персоналды іріктеу, жалдау, ротациялау және жылжыту кезіндегі объективтілік;
- 3) еңбекке әділ ақы төлеу және персоналды тиімді ынталандыру;
- 4) персоналды дамыту және біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасау;
- 5) ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру және қолдау.

2024 жылдың 1 маусымында Биржа жұмыскерлері KASE тобына кіретін компаниялардың болашағына ортақ көзқарасты қалыптастыруға бағытталған стратегиялық сессияға қатысты. Сессия шеңберінде қатысушылар Топтың миссиясы мен құндылықтарын, оның ұзақмерзімді дамуының жалпы пайымын тұжырымдады, сондай-ақ SWOT талдау жүргізді. Дамудың перспективалық бағыттарына және Биржа мен КО қызметіне әсер ететін сыртқы факторларға ерекше назар аударылды. Талқылау қорытындысы бойынша KASE тобының 2025-

2027 жылдарға арналған даму стратегиясын әзірлеу кезінде бағдар болған негізгі стратегиялық бағыттар таңдалды.

Биржа адам құқығын сақтау туралы өзінің Мәлімдемесінде Биржаға ақылы негізде қызмет көрсететін барлық жұмыскер мен адамға қатысты адам құқығын құрметтеуге және сақтауға жәрдемдесуге бейілділігін растайды. Биржа бірлестіктер бостандығын және ұжымдық шарттар жасасу құқығын тануды қолдайды, мәжбүрлі және міндетті еңбектің, балалар еңбегінің барлық нысанына, сондай-ақ жұмыспен қамту және кәсіби қызмет саласындағы кемсітушілікке қарсы. Биржа барлық жұмыскердің мәдениетін, көзқарастарын және өмір салтын құрметтейді, жұмыс орнында өшпенділік, қорлау немесе адам қадір-қасиетін қорлау ахуалын тудыруы мүмкін әрекеттерден қашады.

KASE тобы өз жұмыскерлерімен еңбек қатынастарын мынадай қағидаттарда қалыптастырады:

- 1) жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау құқығын қоса алғанда, жұмыскердің заңды еңбек құқығын сақтау;
- 2) жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға рұқсат беру, лауазымын жоғарылату кезінде тең мүмкіндік беру, жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да наным, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша кемсітушілікке және жұмыстан босатуға жол бермеу;
- 3) еңбекке әділ ақы төлеу және персоналды тиімді ынталандыру, персоналды іріктеу, жалдау, ротациялау және жылжыту кезіндегі объективтілік, жұмыскерлерді дамыту және біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасау;
- 4) шағым және ұсыныс берудің тиімді тетіктерінің, қазіргі заманғы технологиялар мен ақпаратты басқару жүйелерін қолдана отырып, персоналды оқыту және дамыту жүйесінің болуы.

KASE тобының құндылықтары

Біз – көшбасшымыз	Сенімді өсуге мүмкіндік жасай отырып, қаржы нарығының болашағын қалыптастырамыз
Біз – кәсіпқоймыз	Үздік тәжірибелерді, білімді және тәжірибені қолданамыз, клиенттерге адалдыққа, тұрақтылыққа және қызметтердің жоғары сапасына кепілдік береміз

Біз клиентке бағдарланғанбыз	Клиенттерімізбен серіктестік жасай отырып, біз бірлескен табысқа икемді, сапалы шешім әзірлеп, қолдаймыз
------------------------------	--

Жұмыспен қамту

Биржа жұмыскерлерінің штат саны 2024 жылдың аяғында 245 бірлік, ал нақты саны 216 жұмыскер болды. Жұмыскерлер санының жынысы бойынша арақатынасы: әйелдердің үлесі 51,0%, ерлердің үлесі 49% құрады. Жасына қарай бөліністе персоналдың құрылымы мынадай болды: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 26%, 30-дан 39 жасқа дейін – 34%, 40-тан 49 жасқа дейін – 27%, 50 жастан жоғары – 13%. Жұмыскерлердің орташа жасы 2024 жылы 38 жас болды.

Клиринг орталығы жұмыскерлерінің штат саны 2024 жылдың аяғында 59 бірлік, ал нақты саны 46 жұмыскер болды. Жұмыскерлер санының жынысы бойынша арақатынасы: әйелдердің үлесі 66%, ерлердің үлесі 34% болды. Жасына қарай бөліністе персоналдың құрылымы былайша көрінді: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 17%, 30-дан 39 жасқа дейін – 29%, 40-тан 49 жасқа дейін – 33%, 50 жастан жоғары – 21%. КО бойынша жұмыскерлердің орташа жасы 2024 жылы 40,5 жас болды.

Ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша Биржа 2024 жылы синхронды аударма бойынша, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сүйемелдеу бойынша, графикалық дизайн қызметтеріне, жаңа бэк-кеңсе жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша штаттан тыс 21 жұмыскерді тартты.

2024 жылы 59 жаңа жұмыскер қабылданды. 66 жұмыскермен еңбек қатынасы тоқтатылды. 2024 жылы персоналдың тұрақтамауы 41% болды, оның ішінде:

- 38% – ерлер арасында,
- 62% – әйелдер арасында.

Ынталандыру және еңбекақы төлеу жүйесі, жұмыскерлерді оқыту

Жұмыскерлердің қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында Биржа жыл сайын жұмыскерлерге жасырын онлайн сауалнама жүргізеді. Қанағаттанушылықты бағалау нәтижелері жұмыскерлердің ынталану деңгейін, ұжымдағы ахуалды

және адалдық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. 2024 жылы аталған зерттеуге жұмыскерлердің 68,0% қатысты.

Зерттеу нәтижесі бойынша дамытудың негізгі тұстары анықталып, Жұмыскерлердің қанағаттануын арттыру жөніндегі іс-шаралардың 2025 жылға арналған жоспары әзірленді. Жұмыскерлердің қанағаттануын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі фокустары мойындау, көтермелеу және ынталандыру жүйесін одан әрі жетілдіру, кәсіби дамуға назар аудару, командалық жұмысты нығайту, жаңа мүмкіндіктер беру және бизнес-процестерді автоматтандыру сияқты салалар болады.

Әлеуметтік қолдау

KASE тобы өз жұмыскерлеріне мынадай негіздер бойынша материалдық көмек көрсетеді:

- 1) жұмыскердің некеге тұруына байланысты;
- 2) жұмыскердің баласының (балаларының) тууына байланысты;
- 3) жұмыскердің жұбайын/зайыбын немесе жақын туысын жерлеуге байланысты;
- 4) жұмыскердің ауыр науқасқа шалдығуына байланысты;
- 5) жұмыскердің мерейтойына байланысты;
- 6) жұмыскердің зейнеткерлікке шығуына байланысты;
- 7) жұмыскердің жеке мүлкін ұрлауға немесе жоғалтуға байланысты не еңсерілмейтін күш жағдайлары (оның ішінде өрт және зілзала) салдарынан жұмыскерге келтірілген залалға байланысты;
- 8) жеке сипаттағы өзге де дәлелді негіздер бойынша.

Әлеуметтік пакет шеңберінде KASE тобы өз жұмыскерлеріне ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасын, жұмыс берушінің есебінен біліктілікті арттыру мен оқытуды, мерекеге орай балаларға арналған сыйлықтар және корпоративтік іс-шаралар ұсынады.

Оқыту және дамыту

Оқыту және біліктілікті арттыру – KASE-нің персоналды басқару саясатының бір бөлігі. Биржа жұмыскердің білімін дамытуға және кәсіби біліктілігін арттыруға ұмтылуын Биржа оларды оқытуға ақы төлеу арқылы көтермелейді.

Биржа жұмыскерлерін оқыту жобалау қызметін қоса алғанда, Биржа қызметінің негізгі бағыттарына және жұмыскерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес, оның ішінде қашықтан және онлайн-оқытудың барлық ықтимал оқыту форматын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Қаржы секторында кәсіби дағдыларды, корпоративтік құзыреттер мен Биржаның стратегиялық жобаларын іске асыру үшін қажет жобалық басқару және IT саласындағы дағдыларды дамыту мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

Биржа персоналын оқыту мынадай мақсаттарды көздейді:

- 1) кәсібиліктің және кәсіби білім деңгейінің тікелей өсуі;
- 2) бар білімді өзекті ету;
- 3) персоналдың әлеуетін ашу;
- 4) ұжымды біріктіру және әлеуметтік-психологиялық ахуалын жақсарту;
- 5) персоналдың ынтасын өсіру;
- 6) басқарудағы сабақтастықты қамтамасыз ету;
- 7) персоналдың тұлғалық өсуі;
- 8) командалық жұмысты дамыту.

Биржа жұмыскерлердің міндетті оқудан өтуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді және оны Биржа қаражаты есебінен жүзеге асырады. Биржада оқыту:

- 1) оқыту түрлері бойынша – сыртқы және ішкі;
- 2) оқыту форматтары бойынша – күндізгі, қашықтан (оның ішінде онлайн) және аралас (күндізгі және қашықтан);
- 3) қатысу нысаны бойынша – жеке және корпоративтік болып бөлінеді.

Биржа жұмыскерлерін сырттай оқыту мынадай бағдарламалар бойынша жүргізіледі:

- 1) кәсіби даярлық;
- 2) біліктілігін арттыру;
- 3) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім;
- 4) кәсіби сертификаттау (кәсіби сертификаттау бағдарламалары бойынша емтиханнан өтуге дайындық бағдарламаларын қоса алғанда);
- 5) корпоративтік оқыту;

6) тілдік курстар.

Есептік жылы Биржаның 50-ден астам жұмыскері негізінен IT (Жүйеге әкімшілік ету, PostgreSQL), шарттық және корпоративтік құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және санкциялық комплаенс, ішкі аудит негіздері, ішкі аудитор есебін қалыптастыру және жазу практикумдары бағыттары бойынша курстарда оқытылды.

Биржа жұмыскерлері үшін ағылшын және қазақ тілдерінен тілдік курстар ұйымдастырылып, 30-дан астам адам оқытылды.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

Еңбекті қорғау – KASE тобы персоналды басқару саласында басшылыққа алатын корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарының маңызды элементі. Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және еңбекті қорғауға байланысты қатер болдырмау, жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек ету құқығын сақтау мақсатында KASE тобы осы саладағы жұмыскерлерді оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөнінен шара қолданады, сондай-ақ сапалы жабдықтар мен техниканы сатып алады.

KASE тобы:

- 1) жұмыс орындарында және технологиялық процестерде профилактика жүргізу, технологиялық процестерді неғұрлым қауіпсіз процестерге ауыстыру жолымен кез келген тәуекелді болдырмау жөнінен шара қолдануға;
- 2) жұмыскерлерді қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуға, нұсқама беруге, олардың білімін тексеруге, сондай-ақ өз қаражаты есебінен өндірістік процесті және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге;
- 3) Басқарма мүшелерін және/немесе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды кемінде үш жылда бір рет еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жұмыс берушінің актісімен бекітілген тізімге сәйкес оқытуды және олардың білімін тексеруді ұйымдастыруға;
- 4) жұмыскерлерге қажет санитарлық-гигиеналық жағдай жасауға;
- 5) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеуге, есепке алуға және талдауға;

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;
- 7) мемлекеттік еңбек инспекторларының ұйғарымдары мен қорытындыларын орындауға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;
- 9) авариялық жағдайдың өрбуін және жарақаттайтын факторлардың жұмыскерлер мен басқа да адамдарға әсерін болдырмау жөнінен шұғыл шара қолдануға;
- 10) еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың бағдарламасын әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды жүзеге асыруға;
- 11) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттаудан өткізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды кемінде бес жылда бір рет мерзімді түрде шақыруға;
- 12) тоқсанына бір рет еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, жұмыскерлердің өкілдеріне олардың жазбаша сұрау салуы бойынша жағдайлардың жай-күйіне, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға мониторинг жүргізу үшін қажет ақпарат беруге міндетті.

2024 жылы персоналдың қауіпсіздік деңгейін және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға әзірлігін арттыру мақсатында үш сейсмикалық жаттығу ұйымдастырылып, өткізілді. Өрбір жаттығу алдында қызметкерлер эвакуациялау ережелері бойынша нұсқамадан өтті, сондай-ақ алдыңғы оқу-жаттығу барысында анықталған қателерді талдауға қатысты. Мұндай жүйелі тәсіл жұмыскерлердің жер сілкінісі кезіндегі іс-қимыл тәртібі туралы хабардар болуын арттыруға және төтенше жағдайларға ден қоюдың практикалық дағдыларын жақсартуға ықпал етті.

1-қосымша: GRI мазмұнының көрсеткіші

Көрсеткіш	Көрсеткіштің сипаты	Есеп бөлімі	Есептегі беті ¹	Түсіндірме
GRI стандарттарын пайдалану туралы өтініш		Осы Есепті "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсаны аралығындағы кезеңде GRI стандарттарына сілтеме жасай отырып дайындады		
Қолдану		GRI Foundation 2021		
GRI 2: Жалпы ашып көрсету 2021				
2-1	Ұйым және оның қызметі	KASE тобының бейіні мен стратегиясы		
2-2	Орнықты даму туралы есептілікке енгізілген ұйымдар	Есеп туралы. Есептілікті дайындау тәсілдемесі және оның шекаралары		
2-3	Есептілік кезеңі және байланыс ақпараты	Есеп туралы. Есептілікті дайындау тәсілдемесі және оның шекаралары		
2-6	Қызмет, құнды құру тізбегі және өзге де іскерлік қарым-қатынас	KASE тобының бейіні мен стратегиясы		
2-7	Жұмыскерлер	Персоналға қамқорлық және адам капитал		
2-8	Ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын жұмыскерлер	Персоналға қамқорлық және адам капитал		
2-9	Басқару құрылымы мен құрамы	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-10	Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-11	Жоғары басқару органының басшысы	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-12	Ықпалды басқаруды бақылауды қамтамасыз етудегі жоғары басқару органының рөлі	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		

¹ Беттердің нөмірлері ақырғы беттеу кезінде анықталады

Көрсеткіш	Көрсеткіштің сипаты	Есеп бөлімі	Есептегі беті ¹	Түсіндірме
2-13	Ықпалды басқару жөніндегі жауапкершілікті беру	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-15	Мүдделер қақтығысы	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-17	Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-19	Сыйақы саясаты	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-20	Сыйақыны анықтау тәртібі	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-22	Орнықты даму туралы мәлімдеме	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-23	Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-24	Саясаттың іске асырылуын қадағалау	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі		
2-26	Өтініш жасау және шағымдарды қарау тетіктері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс Персоналға қамқорлық және адам капиталы		
2-27	Заңнаманы сақтау	Орнықты дамуға көзқарас Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл		

Көрсеткіш	Көрсеткіштің сипаты	Есеп бөлімі	Есептегі беті ¹	Түсіндірме
		Корпоративтік басқару жүйесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс		
2-28	Қауымдастықтарға мүшелік	KASE тобының бейіні мен стратегиясы		
2-29	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі	Орнықты дамуға көзқарас Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл		
GRI 3:2021 маңызды тақырыптар				
3-1	Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	Есеп туралы Орнықты дамудың маңызды тақырыптарын анықтау тәсілі		
3-2	Маңызды тақырыптар тізбесі	Есеп туралы Орнықты дамудың маңызды тақырыптарын анықтау тәсілі		
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	Қоршаған ортаға қамқорлық		Ішінара ашу
306-2	Қалдықтармен байланысты елеулі ықпалдарды басқару	Қоршаған ортаға қамқорлық		Ішінара ашу
306-3	Пайда болған қалдықтардың жалпы массасы	Қоршаған ортаға қамқорлық		Ішінара ашу
401-1	Жаңадан жалданған жұмыскерлер және кадрлардың тұрақтамауы	Персоналға қамқорлық және адам капиталы		
401-2	Толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту жағдайында	Персоналға қамқорлық және адам капиталы		

Көрсеткіш	Көрсеткіштің сипаты	Есеп бөлімі	Есептегі беті ¹	Түсіндірме
	жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілмейтін жеңілдіктер			
401-3	Декреттік демалыс	Персоналға қамқорлық және адам капиталы		
403-1	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі	Персоналға қамқорлық және адам капиталы Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі		
403-5	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіптік даярлық	Персоналға қамқорлық және адам капиталы Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі		
403-8	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер	Персоналға қамқорлық және адам капиталы Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі		
404-2	Жұмыскерлердің жұмыспен қамтылу қабілетін қолдауға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары	Персоналға қамқорлық және адам капиталы Уәждеу және еңбекақы төлеу жүйесі, жұмыскерлерді оқыту		
405-1	Басшы органдар мен қызметкерлердің әртүрлілігі	Корпоративтік басқару және орнықты дамуды басқару жүйесі Персоналға қамқорлық және адам капиталы		

2-қосымша: Байланыс ақпараты

KASE қызметінің түрлі мәселелері бойынша ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына хабарласуыңызды сұраймыз:

Электрондық пошта:

kase@kase.kz

info@kase.kz

Телефондар:

+7 (727) 237 53 00

+7 (727) 237 53 11

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280,
"Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Клиринг орталығы қызметінің түрлі мәселелері бойынша ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына хабарласуыңызды сұраймыз:

Электрондық пошта:

clearing@kase.kz

Телефон:

+7 (727) 237 60 06

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280,
"Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 502-кабинет